Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті

ӨРКЕН

90 MAKHAMBET UNIVERSITY
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

№ 5 (986) 31 мамыр 2022 жыл

Құрметті профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және студенттер!

*Сіздерді, **7-мамыр – Отан қорғаушылар және 9-мамыр – Ұлы Жеңіс мерекелерімен** шын жүректен құттықтаймын!*
Шаттыққа толы осы күндер Қазақстандағы барлық азаматтардың мерейін үстем еткен, ұрпаққа үлгі болған, тағылымы терең тарихи мейрамдар!
Бұл – Отан қорғаушылардың бұрынғы және қазіргі кездегі даңқты ерліктеріне сый-құрмет көрсетілетін айрықша күндер.
Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.
Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілеймін!

Құрметпен,
басқарма төрағасы-ректордың м.а.
Н.Х. Серғалиев

EXPEDITION - 2022

9 стр.

РЕФЕРЕНДУМ 3-бет

Білім ап саяңда... 4-5-беттер

Ақтандақтар ақиқаты 6-бет

Ғибратты ғұмыр иесі 8-бет

Депутаты Парламента РК встретились со студентами ЗКУ

12 мая состоялась беседа студентов – активистов с представителями парламента: Имашевой С.В – депутатом Мажилиса Парламента РК, Еспаевой Д.Е – депутатом Мажилиса Парламента РК, членом комитета по финансам и бюджету, Барлыбаевым Е.Х – Председатель комитета по аграрным вопросам Мажилиса Парламента РК, Рысбековой Л.Т – депутатом Сената Парламента Республики Казахстан от Западно-Казахстанской области.

Темой для обсуждения и расширения политического кругозора, послужило постановление, принятое Касым-Жомартом Токаевым «О проведении 5 июня 2022 года республиканского референдума «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года. Целью беседы было знакомство с постановлением и посредством открытого микрофона.

«Перемены нужны и обязательны в каждом государстве. Сейчас мы можем полагаться на эти постановления, это путь к мирной процветающей стране. Не стоит думать о том, что от этого ничего не изменится. Один толчок приведет нас к успеху. Мы идем к правовому демократическому правительству» – добавил Барлыбаев Е.Х. к вышесказанному в своих комментариях к поправкам в Конституции.

Далее состоялся открытый микрофон:

–Почему статусы такие, как «Елбасы» или «Первый Президент» убирают из Конституции? Есть ли поправки касающиеся как экономическую часть жизни, так и внешнею?

–Постановления, предложенные президентом, затрагивают все сферы жизни народа. Поправки в конституции искоренят беззаконность. Решение об утрате титулов принимал Конституционный совет, –ответила Еспаева Д.М.

–Какие изменения вы считаете наиболее важными и глобальными? Мы будем голосовать за пакет изменений или по отдельности?

– Я считаю, что все изменения важны, но на меня, больше как выпускника юриспруденции, важны вопросы Конституционного суда и права человека. Оглядываясь на январские события, можно сделать вывод о том, что права человека должны оставаться неукоснительными. Что же насчет голосования, то вы голосуете за весь пакет – ответила Имашева С.В.

– Лично для меня, как депутата, важны смешанные выборы. Депутатов не любят! Государству не доверяют! Я буду честна перед вами, а вы передо мной, это же не секрет. Теперь, когда есть возможность выбрать депутата и который не справляется со своими обязаностями, отозвать этого депутата. Вот свобода выбора. Смотрите наши прямые эфиры «заседании парламента» – дополняет Еспаева Д.М.

В заключение, прозвучали патриотические слова обращенные к студентам, которые с свою очередь выразили благодарность в адрес приглашенных гостей.

«Спасибо вам всем за эту прекрасную встречу. Было видно, что вы, наши гости, говорите не только от имени государства, но и от себя. Это наше будущее. Мы вам верим. Пусть это будет новым началом для нас!»,- этими словами Кдиршаев А.С. – д.п.н. профессор, директор института Рухани Жангыру, показал свое доверие как Референдуму, так и студентам ЗКУ им.М.Утемисова.

Альбина ЖЕКЕНОВА,
корреспондент

Бірлескен жоба бастау алды

Академиялық ұтқырлық аясында АҚШ пен Қазақстан арасында бірлескен жоба бастау алды.

23-мамыр күні, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне Америка Құрама Штаттарында орналасқан Нью-Джерси қаласындағы Ратгерс мемлекеттік университетінен арнайы іс-сапармен PhD, қауымдастырылған профессор, Тамақ ғылымы департаменті, Тамақ ғылымдары саласындағы MBA (Professional Master s) бағдарламасының директоры Пол Тахистов пен Ed.D. Candidate,

Экологиялық және биологиялық ғылымдар мектебі Халықаралық бағдарламалар деканының көмекшісі Меган Фрэнсис келді. Шетелдік қонақтар университет ректоры Нұрлан Серғалиевтің қабылдауында болып, алдағы екі жақты жоспарларға тоқталып өтті. Сонымен қатар, университет мұражайына саяхат жасап, тоқсан жылдық тарихы бар білім ордасының өткені мен бүгіні туралы мағұлматтарға қанықты.

Одан әрі ғалымдар «Жасыл нанотехнологиялар және қоршаған ортаны зондтау саласында серіктестік бағдарлама құру» жобасы аясында жұмыстанды. Бұл бағдарламаның жауапты орындаушысы х.ғ. к., химия кафедрасының меңгерушісі Кунашева Зарипа Хайроллиевна. Жобаны АҚШ-тың Нұр-Сұлтан қаласындағы Елшілігі қаржыландырады, ол АҚШ пен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында жаңартылатын энергия көздері, ауа сапасы, қоршаған орта, ғылым және басқа да салалардағы оқу бағдарламаларын әзірлеу, зерттеулер мен әлеуетті арттыру саласында орнықты халықаралық өзара іс-қимыл мен әріптестік құруға бағытталған. Сондай-ақ, Қазақстан тарапынан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттері қатысады. Кездесуден соң АҚШ ғалымдары мен магистранттар және жас оқытушылардың диссертациялық жұмыстарын талқылау бойынша кездесу өтті. 24-25 мамыр күндері кафедраның білім беру бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. «Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың тұнбасының әдіснамасын әзірлеу және қолдану», «индикаторлық электродтардың электроаналитикалық сипаттамаларын зерттеу және оларды экологиялық-аналитикалық бақылауда пайдалану» жобасы шеңберіндегі ғылымизерттеу жұмыстарыоң нәтиже береді деген үміттеміз. Сонымен қатар, М.Өтемісов ат. БҚУ-дың 3-курс студенті Жанұзақова Айнұр Жанарбекқызы дәл осы Рутгерс университетіне 1 семестр академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алуға аттанады. Студентімізге сәттілік серік болсын!

Айзада ҚАДІРҚЫЗЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары
Новости МОН РК

СТАРТОВАЛ ПРИЕМ ДОКУМЕНТОВ ДЛЯ ПРИСУЖДЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ СТИПЕНДИИ «БОЛАШАК»

Начался прием документов по программе «Болашак». Заявки принимаются до 14 октября 2022 года на Egov.kz. Подать документы на участие в конкурсном отборе на присуждение стипендии «Болашак» можно по ссылке https://egov.kz/cms/ru/services/higher_education/184pass_mon Прием документов для прохождения стажировки начнется 5 сентября и продлится до 14 октября 2022 года.

Конкурсный отбор будет проходить с 30 мая по 30 ноября 2022 года. В этом году для обучения по магистратуре и резидентуре выделено 385 стипендий, по докторантуре – 60 стипендий. Количество грантов на технические и IT-специальности увеличено до 60%. По поручению Главы государства запущен процесс переориентирования программы «Болашак».

Основной акцент делается на подготовку инженерно-технических кадров: «Инженерные системы и сети», «Авиационная и аэрокосмическая техника. Управление воздушным движением», «Аналитика больших данных», «Технология новых материалов», «Управление базами данных», «Авиационная техника и технологии», «Машиностроение», «Промышленная автоматизация» и другие. + 40 новых специальностей в сфере инноваций, новых технологий, медицины, индустриальной инженерии и естественных наук включены в Перечень. 17 из них включены в уже существующие специальности путем расширения их названия. Всего в этом году Перечень приоритетных специальностей по «Болашак» предусматривает 92 специальности для академического обучения и 158 – для прохождения стажировки.

***

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ГИМНАЗИАДАДА 85 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Дүниежүзілік гимназиада қорытындысы бойынша еліміз үздік үштікке енді. Оның ішінде 32 алтын, 32 күміс және 21 қола. Еліміздің құрамасы 3-орынға тұрақтап, үздік үштікке енді. Турнир кестесінде алтын және күміс медальдар саны бойынша Қазақстан 3-орында, ал қола медаль саны бойынша 5-орында. Оқушылар таеквондо, жүзу, жеңіл атлетика, дзюдо, еркін күрес, семсерлесу, көркем гимнастика, спорттық гимнастика, садақ ату, бокс, грек-рим күресі, әйелдер күресі және регби сияқты спорт түрлерінен жүлделі орындарға ие болды. Сонымен бірге ұлттық құраманың басшылығы қатысушыларға тағы 2 алтын медальды қайтарып беру үшін апелляция берді.

Оқушылар арасындағы Дүниежүзілік спорттық олимпиада Францияның Нормандия қаласында өткен болатын. «Балаларымыз Гимназиадаға алғаш рет қатысса да, ел намысын лайықты дәрежеде қорғап, жоғары нәтижелер көрсете білді. Олар әлемнің 70 елінен келген 3,5 мың оқушымен бақ сынасты. Оқушыларымызды әлемдік олимпиададағы жеңістерімен және жоғары жетістіктерімен құттықтаймын. Әрине, бұл жүлделер – дайындықтың, табандылықтың, еңбектің, тәртіп пен талпыныстың жемісі. Әуежайда сіздерге үлкен үміт артып, шығарып салған едік және сіздер оны ақтай білдіңіздер. Ұстаздарыңызға, жаттықтырушыларыңыз бен ата-аналарыңызға алғыс айтамын. Білім және ғылым министрлігі оқушылар арасында зияткерлік және спорттық олимпиадаларды дамыту жұмыстарын жалғастырады»- деді министр А.Қ. Аймағамбетов.

24-мамыр күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің кітапханасында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Еліміздің Ата Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығына сәйкес Республикалық референдум өткізу туралы дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға кітапхана директоры Тоты Еркінқызы Әлімбекерова, қызметкерлер және баспасөз өкілдері қатысты.

Алдымен саясат, кейін экономика

Қызметкерлерге референдум бағдарламасы мен өту барысы туралы БҚУ Қазақстан Халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаткер Т.Т. Шайхиев түсіндірді. Тұрар Төлегенұлы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілетін өзгерістерге тоқталып, оның бес мақсатын атап көрсетті. «Конституциялық өзгерістің барлығы жалпыхалықтық референдум арқылы іске асады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл шешімі қазақстандықтардың мемлекеттік басқаруға тікелей қатысуының айқын дәлелі. Конституцияға енгізілген өзгерістер Жаңа Қазақстанды құрудың құқықтық негізін нығайтады. Референдум өткізу – мемлекеттің құқықтық негіздерін нығайтуға, еліміздің әлеуметтік секторы мен экономикасын дамытуға бағытталған дер кезінде қабылданған шешім»,– деп атап өтті саясаткер.

Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері бүгінгі күні әлеуметтік желіде белсенді қордаланып келген тіл мәселесіне қатысты пікірлерін білдірді. Қазақ тілі мен қатар орыс тілінің ресми қолданыстағы аясын шектеуді ұсынды. Кітапхана қызметкері демократиялық қоғам құру үшін халықтың мұң-мұқтажына назар аударуды, ел арасында даулы мәселеге айналған зейнеткерлік туралы заңды қайта қарауды ұсынды. Сондай-ақ, Конституцияның өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін 33 бабын қарапайым халық құлағына жеткізу үшін уақыттың қысқа берілгеніне де тоқталды. Аталған сауалдарға Тұрар Төлегенұлы саяси тұрғыда жауап берді. Кітапхана директоры Тоты Еркінқызы: Референдумдағы екі бағанның қайсысына дауыс береріңіз өз еркіңіз. Ал бару – азаматтық парыз. Ел тұрғыны ретінде өз позициямызды алдымыздағы ауқымды референдумда көрсету керекпіз. Президент халықпен санасып, біздің пікірімізге мүмкіндік берді. Демек ел дамуы үшін әрбіріміздің 5-маусым күні дауыс беру учаскелеріне баруымыз қажет,-деді.

Жиыннан соң, кітапхананың тұрақты оқырманы, жас журналист Альбина Жекенованың пікірін тыңдадық. Айтуынша: «Біз, жастар, Мемлекет басшысының конституциялық реформа бойынша референдум өткізу туралы шешімін толық қолдаймыз және осы тарихи оқиғаның ел болашағы үшін маңызы туралы оқырмандар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бар күш-жігерімізді саламыз. Сондықтан да барша қазақстандықтарды 5 маусымда өтетін референдумға белсенді қатысуға шақырамыз» - деді.

Айзада ҚАДІРҚЫЗЫ

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТКЕ»

дауыс бер!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымының алыңында жалпы ұлттық референдум өткізу бастамасын қолдау жөнінде кездесу болып өтті.

Отырысқа қатысқан жоғарғы оқу орнының оқытушылары референдум өткізу мәселесі бойынша өз көзқарастарын білдіріп, билік тармақтары арасындағы қатынастарда конституциялық реформаның рөлін, халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейтуді және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейтуді талқылады. Кездесуге облыстық маслихат депутаты, университет ректоры Н.Х.Серғалиев қатысты. Жиында сөз алған Нұрлан Хабиболлаұлы бүгінгі таңда басты міндет азаматтарды Конституцияға енгізілгелі отырған өзгерістер мен түзетулер туралы хабардар ету екендігіне назар аударды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы қабылдаған саяси қадамдар «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатымен көрініс тауып отырғандығын атап өтті.

Президент шешіміне байланысты университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Т.М.Даришева да түсініктеме берді. Оның пікірінше, елдің әрбір азаматы референдумға қатысудың маңыздылығын сезінуі тиіс. «Әрине, қазір ұсынылып отырған Конституцияға енгізілетін өзгерістер қоғамды одан әрі демократияландыруға, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталғаны күмәнсіз». Жиын барысында ЖОО басшысы өз көзқарасымен бөлісіп, барлық қызметкерлерді маңызды күні науқанға белсенді қатысуға шақырды.

А.ДЮСЕНОВА

Сөзбен емес, іспен дәлелдейтін кез

Конституциялық референдум өткізуге аз уақыт қалды. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға бейжай қарамай белсенді қатысу – әрбір азаматтың басты борышы болып табылады. Себебі бұл – бүгінгі Қазақстанның ғана емес, келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін маңызды сәт. Республика бойынша өткізілетін референдум төңірегіндегі маңызды сұрақтарға жан-жақты жауап беру үшін, қоғамдық ой-пікірді талқылап-таразылау мақсатында жаратылыстану-география факультетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаткер Шайхиев Тұрар Төлегенұлымен кездесу өтті.

ҚР Конституциясына енгізілетін толықтырулар мен өзгерістерді атап өтті. Сондай-ақ конституциялық ең негізгі өзгерістердің мәнін түсіндіріп, анықтама берді. Түсіндіру жұмыстарынан соң оқытушылар мен студенттердің сұрақтарына жауап берді. Кездесуге қатысушылар да референдумға белсенді қызығушылық танытып, өз сұрақтарына жауап алды. 1995 жылдан бері елімізде референдум өткізілген емес. Осы жылдардың аралығында референдум шақыратындай да жағдайларды бастан кешірген болатынбыз. Осыған дейін конституция 4-рет өзгерген болатын, бірақ барлық шешім парламент арқылы қабылданған еді. Ал, ендігі шешім халықтың қолында болып отыр. Конституцияның 33 бабына яғни үштен бір бөлігіне өзгеріс енгізілмекші. Еліміздің болашағының дамуы тікелей осы референдумға байланысты болып отыр. "Патриот" ұғымын сөзбен емес, іспен дәлелдейтін кез келгендей.

ЖАҢА ЗАҢ, ЖАҢА ЗАМАН!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Даришеваның «Жаңа Қазақстанның болашағы жастардың қолында» тақырыбындағы студент жастарға арналған дәрісі өтті.

Шараның негізгі мақсаты: өз еліне деген сүйіспеншілік, өз елінің конституциялық нормаларын ұстану және өзінің жеке және басқа ұлттардың дәстүрлері мен мәдени мұраларын құрметтеу, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Сонымен қатар, Түймеш Малбағарқызы студенттердің алдағы референдум туралы сауалдарына жауап беріп, жаңа Қазақстанның қалыптасуындағы жастардың рөлі туралы айтты.

***

Педагогика факультетінің студенттері үшін топ кураторлары «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» тақырыбында еркін дәріс өткізді.

Сұхбат-әңгіме форматында өткен шарада, оқытушылар тарапына елдің келешегі, жастарды қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар, қазақ тілінің тағдыры сияқты тақырыптар бойынша сұрақ қойды. Ал педагогика факультетінің декан орынбасары Жанерке Тауылбаевна елдегі жаңа саяси бағыт туралы әңгіме өрбітіп, жастарды осы өзгерістердің бәріне сергек қарап, тың бастамалар ұсынуға шақырды. «Шын мәнінде бүгін біз күрделі, ауыртпалығы үлкен сын кезеңге тап келіп отырмыз. Бұл тек Қазақстанның басына басына ғана түсіп отырған сын сәт емес. Бүкіл әлемде өте күрделі геосаяси, геоэономикалық өзгерістер жүріп жатыр. Бұл уақыт, бұл кезең мемлекетіміздің дамуындағы жаңа бір саты ғой деп ойлаймын. Өткен 30 жылда егемендіктің берік іргетасы қаланды. Бірақ өмір бір орында тұрмайды. Алға жылжып, жаңа міндеттер мен мақсат-мұраттар жолында өсіп-өнуіміз керек. Қазіргі уақыт алдымызға қойып отырған ең үлкен талап – сапаның, білім мен біліктіліктің, бәсекенің талабы. Жаңа Қазақстанды құру жөніндегі үлкен мақсат алдымызда тұр. Еліміздің алдында тұрған ең басты мақсат – егемендігімізді, елдігімізді, мемлекеттігімізді одан әрі тұғырлы етіп, жаңа бағыттың, жаңа заманның талабына сай, жаңа типтегі, жаңа үрдістегі мемлекет құру», - деді Ж.Т.Тапаева.

***

Тарих, экономика және құқық факультетінің декан орынбасары Майманова Нұршат Нуркановнаның бастамасымен белсенді студенттер «Референдумға барасың ба?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Шара ашық пікір алмасу форматында өрбіді, жалынды Махамбет жастары елдің саяси өміріндегі өзгерістерден хабардар екенін және Президент бастамаларынан оң өзгеріс, үлкен үміт күтіп отырғандарын жеткізді. Сондай-ақ декан орынбасары референдум кезіндегі дауыс беру тәртібін де түсіндіріп, қатысушыларды науқанда белсенді болуға шақырды:

«Республикалық референдум заңды болуы үшін, сайлаушылардың 50 пайызы қатысуы керек және қатысқандардың 50 пайызы жақтап дауыс беруі керек. Бұл референдумның саяси, тарихи маңызынан бөлек әлеуметтік, экономикалық маңызы терең. Біз жаңа мемлекеттік басқару моделіне, жаңа саяси жүйеге қадам басқалы отырмыз. Биліктің үш тармағы арасында яғни атқарушы билік, өкілетті орган және сот тармағы арасындағы қарым-қатынасты теңестіру. Мемлекеттік билікті халыққа жақындату бұл саяси науқанның басты мақсаты, – деді Н.Н.Майманова

***

26 мамыр күні Мәдениет және өнер факультетінің оқытушыларымен топ кураторларына 5 маусымда өткізілетін республикалық референдум туралы ақпарат таратылды. Еліміздегі елеулі өзгерістер, жаңа Қазақстанды құрудағы қарқынды қадамдар бойынша толық мағлұмат беріп, өткізілетін референдумның ерекшеліктері туралы сөз қозғалды. Факультет оқытушыларына референдумның көңіл қуантарлықтай өзгеретін заңдарын ашып түсіндірген Шайхиев Тұрар Төлегенұлы болатын.

Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. «Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады. Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады», деген болатын Президентіміз өз сөзінде.

БҚУ әнұраны

Асқақтаған атың мәлім ұлы қазақ еліне,
Бой түзеген ерке сұлу Ақжайықтың төрінде,
Махамбеттей батыр бабам жастарымның ұраны
Өзіңменен көркейеді, шежірелі Оралым,
Алтын Орда қасиетті асқарымсың шыңдағы,
Сан ұрпаққа білім беріп, өмірге де шыңдадың.
Тәуелсіздік алған елдің тірегі деп келемін,
Ұрпағымның ертеңі тек сен деп білемін.

Қ-сы:
БҚМУ, болашағымның тұмары,
БҚМУ, білімнің кәусәр бұлағы,
БҚМУ, жастықтың мәңгі ұраны,
БҚМУ, БҚМУ!

(Қуаныш Қисметов)

Сөзбасы

Тынымсыз күрестен тұратын тіршіліктің қадірін тереңнен түсінген бабаларымыз бағзы замандарда-ақ «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деп, түгел сөздің түбірін тобықтай түйген.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тек облыстық немесе аймақтық білім беру жүйесіне ғана емес, республикалық аренада өзіндік озық дәстүрлерін қалыптастырған, қоғамға жоғары білімді мамандар даярлауда 90 жылдық бай тарихы мен айшықты қолтаңбасы бар өңірдегі бірегей білім ордасы һәм ірі ғылыми-оқу орталығы.

Қазақ халқының басынан өткен талай заманалық оқиғаларға куә болған Ақжайық топырағы – Қазақ мемлекеттілігінің бастау бұлағында тұрған шежіре өлке, Европа мен Азияның кіндігінде орналасқан киелі мекен.

Тарих тұңғиығына бойласақ, еліміздің Батыс аймағы бағзыдан ілім-білімге кенде болмаған өңір. Патша заманының өзінде Бөкей даласында алғашқы қазақ-орыс дүниияуи мектебінің қазақ балаларына есігін айқара ашуы – өлкедегі білім нәрінің тамыры тереңнен бастау алатынын аңғартады.

Еліміз бойынша алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институты – 1928 жылы Алматыда ашылса, содан кейін көп ұзамай байтақ республикамыз бойынша екінші боп құрылған педагогикалық жоғары оқу орны – Орал педагогикалық институты еді.

Сөздің қысқасы, биыл М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің өз шәкірттеріне есігін айқара ашқанына 90 жыл толғалы отыр. Күллі республикамызға мәшһүр, осы бір айтулы ЖОО-ның соңғы 30 жылы менің жеке өміріммен тікелей байланысты. Олай болса бәрін басынан бастайық.

Білім ап саяңда...

(Жалғасы. Басы өткен санда)

11. Студенттердің құрылыс отряды – «Арай»

Орта мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ берген ағамыз Талап Ниязовтың есімін әрқашан құрметпен атаймын. Ал біздің «қисық көшенің» жүгірмектерінің атаманы Жәукен ағамыз еді. Доп десе құдайы беріп, ішкен асын жерге қоятын. Барлығын со кісі ұйымдастыратын.

Аяқ допқа қатысты газет-журналдар мен спорттық хабарларды жібермейтінмін. Белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбаевтың «Мексикадағы футбол тойы» деген кітабын бала кезімізде жата-жастана оқыдық. Қазір ойлап отырсам, сол кезде бар болғаны 11 жаста екенбіз.

1986 жылы футболдан Мексикада өткен әлем біріншілігінде әйгілі Марадонаның жұлдызы жарқыраса,1988 жылы Европа чемпионатында финалда КСРО мен Голландия бақ сынады.

80-жылдардағы «қызғалдақтар елінің» футбол жұлдыздары Руд Гуллит, Марко ван Бастен, Рональд Куман т.б. ойын өрнегі өзгеше еді. Осы матчта негізінен «Динамо» Киев пен ішінара «Спартак-Москвадан» тұратын кеңес ойыншылары қарсыластарынан айласын асыра алмағанына іштей күйініп едік.

Сол жылдардағы ауыл балаларының арманы – таза былғарыдан тігілген теңбіл доп пен аяққа бутсы алу болатын. 1990 жылы мектеп оқушыларының путевкасымен Ленинградқа барғанымызда аяғыма бутсы алып, қатты қуанғаным бар.

Бірде сол «Мортық» ауылының жергілікті жігіттерінен құралған командамен футбол ойнап, оларды ұтып алдық. Бұл жолы тігілген бәйге – «бір жәшік арақ». Ұтылған жақ ұтқан жақты ойыннан соң осы сыйлықпен ризалауы тиіс-ті.

Со уақыттағы түсінік бойынша мұның бәрі жастық шаққа жарасып тұратын әрі қалыпты нәрсе болып есептелетін. Уақыт өте құндылықтар өзгерді. Ел тәуелсіздігімен бірге жаңаша ойлайтын жас толқын өсіп шықты. Қуанарлығы сол – олардың арақ-шараптан ауылы алыс. Ең бастысы – талғамы бөлек.

Бұған дейінгі ойындарда үнемі ұтылып қалатын біздер, бұ жолы өліспей-беріс396пей, қарсыластарымыздың қақпасының торын кезек-кезек теңбіл доппен тулатқан едік.

Кейін ауыл тұрғындарының арасында мынадай әңгіме тарапты: бұлардың жаны сірі, күндіз тас соғып, шаршап-шалдыққанына қарамастан кеште бәйгеден айрылып қалмау үшін «жан алып, жан беріп», жеңіске жету жолында еш нәрседен тайынбайтын нағыз жанкештілер екен-мыс.

Мұның бәрін бүгінгі жас буынға жіпке тізгендей қып, дәл осылай айтып-жеткізу бір жағынан ерсі, екіншіден, ұят болып саналғанымен, бірақ, бұл – сол уақыттың ащы шындығы еді.

Ақиқатын айтсақ, бұл «дерт» кеңес үкіметінің отарлау саясатының зардаптары-тұғын. Өйткені арақ – уақытында аз ұлттарды аздырып-тоздырудың ең тиімді құралы болған-ды.

Екі апта сайын отряд мүшелеріне туған күн ұйымдастырылып, ауылдың дүкенінде өтпей тұрған арзанқол көйлектерді «мойнымызға» жаздырып, бұрынғы өткен немесе жақын күндері болатын туған күн иелеріне сыйлыққа тарататынбыз.

Сол жылы күн бұлыңғырлау, жалпы алғанда жаз салқындау болған сияқты. Таңмен жалаңаяқ мұздай балшыққа түсу кей кездері қиынға соғатын. Зәрдей суық су кейде тас төбеңнен шығатын. Кей күндері азанмен аздап спирт ішкен жігіттер ойнақтаған бұзаудай тапыраңдап шабатын. Ол рояль спиртінің бағы жүріп тұрған жылдар еді.

Салқынның салдары болар бірде группамыздың үлкені әрі старостамыз Қайнардың құлағы естімей қалды. Кім не айтса да күле беретін?! Осыдан кейін оның «құлақтан айырылғанын» білдік.

Ауылдың фельдшері тағайындаған болуы керек, оның құлағына кезек-кезек «камфорное масло» дәрісін құятынбыз. Оны құюға көбі қаралай жиіркенетін. Дәрінің иісіне жиналған дәу қара және көк шыбындар біз жатқан интернаттың атшаптырым бөлмесінде ызыңдап, құж-құж қайнап кететін.

Ақыры құлақтың емі үйлеспей «тас керең» болған Қайнақаң көп ұзамай қалаға жол тартты. Бір кетті, бір кеткеннен мол кетті. Күндердің-күнінде қалаға барып келгендерден ол «Фурмачиде» (қазіргі Құрманғазы көшесі ол кезде Фурманов деп аталды) «аспанға секіріп, тарсылдатып билеп жүр екен» деген әңгіме жетті. Мұны естіген біздер «ең бастысы – құлағы дұрысталса бопты» деп қалжыңдаған едік.

«Фурмачи» – қазіргі «Атриум» сауда орталығы тұрған жерде болған Орал қаласының орталық би алаңы. Кешкілік қаланың жастары осында жан-жақтан жиналатын. Ол кезде қазіргідей емес, түнгі клубтар жоқтың қасы еді.

Әрине, жаздың аты жаз. Арасында аптап ыстық күндер де болатын. Ешқандай көлеңке жоқ, шақырайған күннің астында қайнап тұрған далада тас соғып жатқан жігіттерге аспазшы-қыздарымыз сәскеде (сағат 11-лер шамасы) шелекпен бетін жауып, қайнаған қара шай мен пирожки әкеліп, кішкене үзіліс жасайтын.

Бірде қыздарымыз осылай дайындаған шайларының жарты шелегін орта жолда төгіп алған. Асығып келе жатып сүрініп кетіпті. Одан интернатқа қайтадан кері бұрылған. Уақыт тығыз. Сондықтан шелектегі қайнаған шайдың үстіне шикі суды қотарып құя салыпты.

Бұдан бейхабар, айдалада аңқасы кеуіп бара жатқан отряд мүшелері «полник» келгенге балаша қуанып, шелектегі шайға жапа-тармағай бас қойды. Көп ұзамай тау-тау боп үйіліп жатқан соломның артына тұра ұмтылған жігіттер ішкиімдерін шешуге әзер үлгерді. Осылай бүкіл отрядтың іші жаппай өткен-ді.

Құрылыс отрядының күнделікті өмірінде бұдан да басқа талай қызықты жайттарға куә болдық. Соның бір-екеуіне тоқталайын. Шілденің адамды шыжғыратын шіліңгір күндерінің бірінде тәжірибесі аз аспазшы қыздарымыз бір сиырдың етін соламайымен бұзып алды.

Осылай семіз сиырдың бір «тушка» етінен құрылысшы-жауынгерлерге бір асым ет бұйырмады. Тұтастай бір ірі қараның бұзылып кеткен етін со күйінде далаға лақтыруға мәжбүр болғанымыз бар. Бәрінен де бұрын обалын айтсаңшы.

Енді бірде бәріміз кинодан түн жарымында келдік. Оның үстіне күндізгі жұмыстан қалжырап жүрген жайымыз бар. Асханада қайнап-қайнап, сорпасының әбден мағызы шығып, пісіп тұрған мүйізді ірі қараның етін турауға әліміз жетпеді. Бір сөзбен айтқанда еріндік.

Әбден қарны ашқан жігіттер сиырдың солақпандай сүйектерін бір-бірден қолдарына ұстап алған. Тіпті көпшілігіміз отырғышқа басылып отырмағанда сияқтымыз. Интернаттың ішін аяқтай кезіп, қолымызға түскен сүйекті жып-жылтыр қып мүжіген едік.

12. Ұстазы талантты болса, Шәкірті талапты болады

Сол жылдарда бізге арнаулы және қосалқы пәндерден сабақ берген ұстаздарымыз – Бақтыгұл Бірімжаров, Ғаяз Кушаев, Айман Абилова, Сағидолла Елеуов, Нағым Қисметов, Хамида Қожабергенова, Мұрат Сдықов, Қалима Абдрахманова, Талғат Жұмағамбетов, Мұхаммед Исмагулов, Ғаділше Айталиев, Сайлау Сүлейменов, Амантұрлы Сүлейменов, Марат Сырлыбаев, Ғинаятолла Қарабалин, Сәния Сағынаева, Әсет Тасмағамбетов, Алтынай Журасова, Найла Мырзағалиева, Жанар Муталова, Райса Абдрахманова, Баян Шынтемірова, Әділгерей Шүйінішәлиев, Есенгелді Қасымов, Есенгелді Ниязов, Қадем Сәрсенов, Байжан Молдағалиев, Темірғали Қайырғалиев, Виктор Потлов, Қалмұрат Жәнібеков, Қамеш Исмагулов, Гүлнар Сүлейменова, Ғарифолла Каримов, Гүлвира Сүйербаева, Райса Ильясова, Айжан Есентаева, Роза Досқалиева, Мұқан Тұрғанбаев, Гүлжан Мұхтарова (зертханашы), Самат Құрманалин, Тұрар Шайхиев, т.б. жалғаса береді.

Ол уақытта институтта сабақ қазіргідей 50 минут емес 90 минут болатын. Өз дәрістерінде осындай уақыт ішінде қағазға бір қарамай көсіліп, бауырын жазып ұзаққа шабатын қас тұлпарлардай арындайтын оқытушыларымыз болды. Соның бірі әрі бірегейі – Қалима Абдрахманова еді.

Апай бізге 1 курста «Ежелгі дүние тарихы» пәнінен сабақ берді. Ежелгі Египет, Батыс Азия, Үндістан мен Қытай, Греция, Афины, Рим туралы өзіне тән байыпты мінезімен аспай-саспай кеңінен толғап түсіндіргенде оның «теңіздей терең» біліміне тәнті болатынбыз.

Түсінген жанға ол – адамның қаншама жылдар бойы көз майын тауысып жинаған білімінің жемісі. Бір қарағанда мінезге сондай бай ұстамды, салмақты, байсалды кісі боп көрінетін. Ал екінші жағынан келсек, бет-әлпетінде ысқы (эмоция) жоқ, жүзі суық, нағыз тәртіптің адамы болып елестейтін.

Қысқасы, советтік классикалық білім мен ғылымның сарқытындай көрінетін ғажап жан еді. Басқаны білмеймін, менің көз алдымда Қалима Дәулетқызы осы кейпімен сақталып қалды. Білуімше, апай Орал қаласында көп тұрақтаған жоқ. Бүгінде Алматы қаласындағы мектептердің бірінде мұғалім сияқты.

Бір жағынан ғасырлар бойы жоспарлы жүргізілген отаршылдық саясаттың салдары, екіншіден, арайлап атқан азаттықтың ақ таңының самалы болар, сол жылдары арнаулы пәндерден сабақ берген лекторларымыздың дәрістерінде ұлтжандылықтың лебі есіп тұратын.

Төменгі курста бізге «ХХ ғасырдың саяси-әлеуметтік тарихы» (бұрынғы КПСС тарихы) пәнінен дәріс берген ұстазымыз Елеуов Сағидолла ағайдың сабақтары қалыптан тыс: қызықты мәліметтері һәм оқшау ойларымен ерекше өтетін.

Бойы ортадан жоғары, етжеңді болғанына қарамастан денесін тік ұстайтын, бурыл шашын шалқасынан тарап, талғаммен ұқыпты киінетін, көңілді сәттерінде жымиғаны өзіне сондай жарасып тұратын, соған қарамастан түрі сұсты, бекзат болмысты жан еді.

Ағамыз дәрісінде ашықтан-ашық: «Сендер болашақ тарихшысыңдар. Мына нәрсені естеріңізден шығармаңыздар. Орыс ағайындардың ішінде қазақтарға шанышқы мен қасық ұстауды, әжетхана салуды үйретіп, мәдениетті әкелген біз деп бөсетіндер бар. Оның бәрі бос сөз. Шындығында олай емес. Бұл – қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық мәдениетін ескермеуден туған дүние. Біз бала кезімізде орыстың маржаларының қалай дәрет сындырғанын көзімізбен талай көрдік. Ал біздің әжелеріміз тізеден төмен түсетін дамбалдарын ақ матадан өздері тігіп, қолдарынан құмандары түспейтін, үнемі дәрет алып, тап-таза жүретін. Ал мұның бәрін ұмытып, орыстанғанымыз кейінгі кезде» деп, күлбілтелемей тікесінен тартатын.

Одан ары: «Ауылдан қалаға оқуға келген қазақ балалары 1-2 курстарда айналасына жалтаң-жұлтаң қарап, ал 3-4 курстарда бәріне тез үйреніп, қаланың өміріне тез төселеді. Кейін асфальтта өскен өз қатарластарынан оқ бойы озып шығады» деп, ауылдан келген қалқанқұлақ қара домалақтарды рухтандырып, дем беріп отыратын.

1 курста бізге неміс тілінен сабақ берген ұстазымыз Виктор Александрович Потлов өте сабырлы, қақ-соқпен ісі жоқ, өзімен-өзі жүретін дегдар жан еді. Көбіне бұ кісіні сыртынан фамилиясымен атайтынбыз.

Бәкене бойлы, шағын денелі, қимылы ширақ, шашының қарасынан ағы көбірек, сол кезде бізге шамамен алпысты алқымдаған кісідей көрінетін.Үстіндегі киімдері көнетоздау: костюм-шалбар, көйлек-галстуктарының ескі үлгідегі екені көрініп тұратын.

Қолындағы қоңыр сөмкенің (портфелінің) талайды көргені оның тоза-тоза әбден ақжемделіп кеткенінен анық байқалатын. Бірақ мұнтаздай таза, жинақы жүретін.

Қаншалықты қарапайым болса, соншалықты білімді, ұстамды, өте мәдениетті жан еді. Рас-өтірігін білмедім, студенттер арасында бұ кісінің 6-7 тіл білетіндігі туралы аңыз тараған-ды. Ең бастысы – шәкірттеріне ерекше қамқорлықпен қарайтын.

1 семестрдің соңында неміс тілінен емтихан тапсырдық. Топиктерді (неміс тіліндегі мәтін) орысшаға аударып, оны айтуға қиналғанымыз сондай тіліміз күрмеліп, жан теріміз шығып жатты.

Сондай сәтте қырағы ұстаз өзінің сабырлы қалпынан бір танбай, біздердің емтихан сұрақтарынан емес, тіліміз жаңа шыққан баладай «сақауланып» жатқанымызды реңі қашқан өңіміз бен күреңіткен жүзімізден таныған-ды.

Кісілік келбетіне студенттер қауымы сүйсіне қарайтын осы бір жайсаң жан менің «шимай-шатпырағымды» түсінген сыңай танытып, «сен тапсырмаңды жақсы меңгергенсің» деп, мейірімін төккені әлі көз алдымда.

Шет тілі дегенде мына нәрсе ерекше еске түседі. Біздің группада Құспанов Біржан деген жігіт оқыды. Ол туралы жоғарыда айттым. Екеуміз бір ауданнанбыз. Жасы менен бес жастай үлкен. Өзі әскерден келген. Дін жолында. Мешітке жиі баратын. Өз бетімен араб тілін үйренген. Ол кезде дінге бетбұрғандар қазіргідей көп емес-ті.

Біраз кітапты ақтарған. Сондықтан өзіне-өзі сенімді. Құдай берген талантын тұла бойына сыйғыза алмай оқытушылармен сабақта жағалай «жарысып», кейде алдын «кескестеп» отыратын. Сол айтатын: «Біздерге ағылшын, неміс тілі керек емес. Біз тарихшыларміз. Сондықтан тарихи деректерді болашақта бірден түпнұсқадан оқу үшін, қазірден араб тілін оқып, үйренуіміз керек»,-деп.

Ол осылай бастама көтеріп, ректоратқа бүкіл группа болып өтініш жазған едік. Алайда сол жылы оқу жоспары бекітіліп кеткеннен кейін мұны қайта түзеу мүмкін болмады. Бірақ бізден төмен оқитын курстар кейін араб тілін оқуға көшті деп естідік. Сөйтіп, біздің топ екі подгруппаға бөлініп, неміс және ағылшын тілдерін оқыдық.

Алайда Бірекең өзінің алдына қойған мақсатынан таймады. Мұқалмас жігері мен дінге деген шексіз махаббатының арқасында 2 курстың ортасына таман конкурсқа қатысамын деп Алматыға аттанды.

Сайып келгенде, ол өзінің табан ақы, маңдай терінің арқасында Мысыр елінің астанасы Каирдегі әлемге әйгілі мұсылман университеті Әл Азһарға оқуға түсті. Ұмытпасам «Перғауындар елінде» алты жылдай білім алды. Зерек жігіт еді. Бірнеше тіл білетін. Әлемнің түкпір-түкпірінде достары көп. Кейін белгілі бір себептермен дін саласынан бас тартты. Қазір шетелдік компаниялардың бірінде жұмыс жасайды.

Каирдегі оқуын бітіріп елге келгесін тарих факультетінің сырттай бөліміне ауысып, жоғарғы білімін жалғастырды. Ол кезде мен тарих факультетінің ҚР тарихы кафедрасында жас оқытушы едім. Оған аздап сабақ бердім. Бірнеше жылдан кейін осылай группаласым екеумізді тағдыр қайтадан тоғыстырды.

Полиглот дегеннен еске түседі. Біз студент болған жылдары физматта сабақ берген Есенғали Жүнісов деген оқытушы есімізде жақсы сақталыпты. Қаңтардың қақаған сары аязы мен ақпанның түтеген борандарында жалаң бас, жұпыны киіммен жеңіл жүре беретін. Бойы бақалтақ келген, құдай аппақ шашы желкесінен төмен түсіп тұратын, аяңмен ақырын жүретін кісі еді.

Қашан көрсең де қолында ескі қара дипломат пен құшақ-құшақ газеттер, не институттың төңірегінде, не газет-журнал сататын дүңгіршіктердің жанында тікесінен-тік тұрып, не газет, не журнал, әйтеуір бір нәрсе оқып тұратын. Оның оқуға деген қомағайлығы мен ашқарақтығы осыдан-ақ сезілетін.

Шет тілдерінде кроссвордты еркін шешетін кемел білім иесі деп еститінбіз. Студенттер арасында бұ кісі туралы «оқу өтіп кеткен» деген әңгіме желдей есетін.

Шыныменен физиканың философиясынан сабақ берген ағамыздың киім киісі, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы әдеттегі көпшілікке ұқсай бермейтін. Сырт көзге оның қалыптан тыс, яғни, «қиялилау» адам екені бірден көрініп тұратын.

Алғашқы курстарда «Экономикалық теория» деген пәннен Мұқан Тұрғанбаев ағамыз сабақ берді. Елімізге нарықтық экономиканың енді-енді ентелеп кіріп келе жатқан уақыты. Халыққа әлі көп нәрсе түсініксіз. Ұстазымыз өз пәнінің теориясына жетік, өз саласын жан-жақты меңгерген жан еді.

Капитализмнің, яки, кәсіпкерліктің «жілігін шағып, майын ішкенде» есіміз кететін. Дүбірлі даңқы шартарапқа жеткен әйгілі американдық миллиардерлердің қалай байығанын, нарықтық экономика заңдылықтарының қыр-сыры мен ұңғыл-шұңғылына бойлап, оны сан алуан мысалдармен саралап түсіндіргенде шыныменен тамсанатынбыз. Телегей-теңіз біліміне сүйсінетінбіз.

Ең бастысы – ұстазымыздың табиғаты өте қарапайым еді. Үнемі күлімсіреп жүретін. Тобымыздағы нәзік жандылардың ағамыздың шалқар біліміне тәнті болғаны сондай, «осындай дария біліміңізбен институтта не істеп жүрсіз, неге бизнеске кетіп қалмайсыз?» деп сауал тастайтын.

Мұқан Әбдіқадырұлы сәл тамағын кенеп қойып, өзінің дөңгеленген жүзіне керемет жарасатын көзілдірігінің астынан аудиторияға барлай қарап: «Иә, баламысың деген – осы, естеріңізде болсын, теория бөлек, практика бөлек» деп, әңгіменің нүктесін қоятын.

Қалай болғанда да біздің буын кеңес мектебінен өткен «самородоктардың» алдын көріп үлгерді. Қалай болғанда да кеңестік педагогика – әлемді мойындатқан ерекше құбылыс-ты. Қалай болғанда да кеңестік ғылым – іргелі ғылым салалары бойынша дүние жүзі бойынша жоғары деңгейде болды. Мұны мойындамау – ақиқатқа қиянат. Алайда, бұл – оның еш кемшілігі болмады деген сөз емес.

Осы орайда негізгі назар аударарлық нәрсе, бұл буын – елімізде әлеуметтік жағдай өте қиын кезде жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берді. Нарықтың аласапыран ауыр жылдарында олар өздерінің сүйіп таңдаған мамандықтарынан «жиреніп», одан теріс айналған жоқ. Қиналды, бірақ шыдады. Жас болсақ та олардың жабығып, торығып жүргенін байқайтынбыз. Бұған алда бөлек тоқталамыз.

Иә, зымырап жатқан уақыт. Өмір – өзен! Одан бері де отыз жылға жуық уақыт сырғанап өте шығыпты. Ұстаздарымыздың алды бүгінде бұл фәни жалған дүниемен қош айтысты. Жатқан жерлері жарық, топырағы мамық болғай!

Ал, көпшілігі қарттыққа бет түзеді. Сол кезде жалындап тұрған жастарының өзі қазіргі таңда алпысты алқымдап, ата мен әже атанып үлгерсе, соңы елуді «ерттеп» мініп алған ел ағалары.

13. Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек?

Иә, мәселеге тереңнен үңілсек, біздің қыздардың Мұқан ағамызға жоғарыдағыдай сұрақ қоюы негізсіз емес-тұғын. Өйткені 90-жылдардың басында елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдай өте қиын болды. Күйзеліс, жоқшылық, қайыршылық елдің еңсесін езіп жіберді. Бейнелеп айтсақ, халықтың дені жаппай сіңірі шыққан кедейге айналды.

Күнделікті шайға салатын қанттың өзінің болмағаны біздің замандастардың есінен шыға қоймаған болар. Негізгі азық-түліктер талонмен берілетін. Дүкен сөрелері көбіне бос тұратын. Кей кезде мұғалімдеріміздің шыныменен қиналып жүргені байқалатын. Айлықтары аз, оның өзі уақытымен берілмейтіні құлаққа тиетін.

Сол кездегі ұстаздарымыздың айтқан кейбір сөздері біздің бала жүрегімізде қатталып қалды. Бір ағамыз әзіл-шынын араластырып «Үш балам бар, жұмыстан шаршап үйге барғанымда «Папа! Нан, нан, нан!» деп, алақандарын жайып алдымнан шығады. Оларды асырау оңай емес. Соларға жетсін деп, автобусқа мінбес үшін таңмен ерте тұрып, шойын жол вокзалының арғы жағынан жаяу келемін» десе, екіншісінің: «сіздер, мына жерде не істеп отырсыңдар, оқуларыңды доғарыңдар, білімнен енді ештеңе шықпайды, біз сияқты ертең жартылай ашқұрсақ болып жүресіңдер, оданда базарға шығыңдар, сауда жасаңдар, мен басқа болашақты көріп тұрғаным жоқ» деп ашына айтқаны бар.

Әрине, мұның бәрі жоқшылықтың зарын тартып, әбден жаны күйген жанның көмейінен сыртқа атқылаған ащы өксік екенін іштей сезетінбіз.

Дүние жүзі тарихынан сабақ беретін тағы бір оқытушымыз Батыс Еуропа елдерінің экономикасы, соның ішінде оның ауыл шаруашылығын, ондағы дәнді дақылдар мен көкөніс түрлерін түсіндіріп жатып, өзіміздің Оралдың базарындағы картоп, сәбіз, пияз, қызылша, т.б. бағаларын айтып кететін-ді.

Келесі бір ұстазымыздың өзінің негізгі жұмысына қосымша шағын саудамен айналысқаны есімізде. Мұғалима апайымыз сағыз, шоколод, темекі, т.б. тауарларын орталықтағы дүкендердің біріндегі таныстарына апарып саттыққа қоятын. Арасында осындай ұсақ-түйектерді діттеген жеріне жеткізуге біздер де көмектесетінбіз.

Бұл жердегі біздің негізгі мақсат – сол заманның бейнесін көз алдымызға әкелу. Басқа ешқандай алабөтен ойымыз жоқ. Осындайда Хакім Абайдың «Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек» немесе Карл Маркстің «Сананы тұрмыс билейді» деген қанатты сөздері ойға оралады.

14. Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет

Ұстазымыз Сайлау Хамитұлы өзінің қазақылығымен ерекшеленетін. Ол кісі студенттік өмірде жиі қолданылатын кейбір сөздерді орыс тілінде айтқанымызға кейістік танытып, оны былай түзететін: «Сендер тілімізді алашұбар қылып, қалай болса, солай сөйлемеңдер. Ленин даңғылының бойындағы «Саяхат» қонақ үйі аялдамасынан түсіп, қасындағы дүңгіршіктен балмұздақ алып, тарих факультетінің ғимаратына қарай бұрылдым» деп, ерінбей барлық сөзді қазақша тәпсірлеп, біздерді ешқандай қоспасыз тек ана тілінде сөйлеуге баулитын.

Қазір бұлай айтқанда тұрған ештеңе жоқ сияқты боп көрінгенімен, ол заманда нақ осылай сөйлеу бізге кәдімгідей тосын естілетін. Үнемі «проспект», «гостиница», «остановка», «киоск», «мороженное», «корпус» деп сөйлейтін «перваштарға» осы сөздердің өңкей қазақша айтылуы бір жағынан қызық, екінші жағынан «жасанды» көрінетін. Бұл, бәлкім сол кездегі түсінік-деңгейіміздің төмендігі шығар.

Қазіргі таңда елімізде тіл саясатында жүріп жатқан мылтықсыз майдан: республикадағы мемлекет құрушы һәм құраушы ұлт – қазақ халқының үлес салмағы 70 % дан асса да оның мемлекеттік тілінің мүшкіл хәлі, ел тізгінін ұстаған ел ұстарлары мен «халық қалаулыларының» туған тіліне шорқақтығы, жаһанданудың ызғары өтіп кеткен бүгінгі жас һәм орта буынның өз ана тіліне менсінбей, шекесінен карауы, соңғы он шақты жыл бедерінде орыс тілді мультфильммен өсіп келе жатқан балғындардың шатып-бұтып орысша шүлдірлеуге әуестігі, т.б. сұмдық нәрселерді еске түсірсек, Сайлау ағамыздың сол кездің өзінде-ақ біздерге көрсеткен үлгі-өнегесінде терең мән-мағына жатыр екен. Қысқасы «бұл қадам – алысты болжаған нағыз патриот ұстаздың көрегендігі» еді.

1 курста біздің топтың кураторы Марат Сырлыбаев есімді жап-жас ағамыз болды. Мінезі жайлы. Көбіне көңілді жүретін. Қателеспесем бізге «Өлкетану» пәнінен сабақ берді. Өзі оңтүстік өңірдің тумасы. Қаз МУ-дың түлегі. Оралда көп тұрақтаған жоқ. Кейін қызмет бабымен Алматы қаласына ауысты. Бүгінде Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры.

Содан кейінгі кураторымыз, әрі Қазақстан тарихынан сабақ берген оқытушымыз Ғинаятолла Қарабалиннің біз үшін орны оқшау, шоқтығы биік.

Ағамызды ақжайықтықтарға таныстырып жатудың өзі артық. Ол кісі өлке тарихына терең мән беріп, Астрахань архив деректері негізінде бірнеше мақалалар жазып, кейін «Бөкей Ордасының шаруашылығы» тақырыбынан кандидаттық диссертация қорғаған-ды.

Кураторымыз қаншалықты қағазға тиянақты, мұқият, еңбекқор болса, соншалықты мінезді, қызба, кейде түкке тұрмайтын нәрсеге күйіп-пісіп қалатын. Арындап келіп қалған ашу-ызасын тежей алмайтын.

Өкінішке қарай, табиғатынан ілім-білімге құмар, ғылымға құштар жан – бергенінен берері мол шағында бұл фәни жалғанмен қош айтысты.

Осы ретте Ғинаятолла Елемесұлына қатысты мына бір естелікті көпшілікпен бөлісуді жөн санадым. Сол студенттік жылдарда ағамыз бірде өзі тұратын пәтерінің қабырғасына кілем ілу керектігін айтып маған «шаруа» салды.

Ол уақытта қазіргідей емес, қарулы жігіттер мұғалімдердің дачаларының топырағын қопсыту, ірілі-ұсақты жүктерін тасуға көмектесу, жеңіл-желпі қол көмегін беру қалыпты нәрсе болып саналатын.

Ағайымыздың тұрғылықты үйі институттың ұстаздарына арналған бұрынғы №5 жатақханасы еді. Негізгі шаруа – бөлменің қабырғасын әуелі ортасы қуыс бұрғымен тесіп, сосын ол тесікті алдын-ала пышақпен жонылып, сүйірленген ағашпен бітеп, соған шегемен рейка ұстатып, оның үстінен кілем ілу екен.

Еш қиындығы жоқ шаруаны ілезде ыңғайлап, Жаңа жылдың қарсаңында жайылған Тамара апамыздың мерекелік дастарханына отырып, дәм ала бергеніміз сол еді. Кенеттен мынадай қызық жағдай орын алды.

Мен тескен қабырғаның келесі жағында тұратын ағамыздың көршісі, бізге «Педагогика тарихы» пәнінен сабақ берген оқытушымыз, өз пәнінің білгірі, білікті педагог Райса Ильиясова апайымыз еді. Сол уақыттағы үйдің проектісі бойынша екі көршінің асханасы (холлы) ортақ болатын.

Олар үйлеріне жұмыстан кейін кішкене кештеу келіп, бөлмесіне кіріп кеткендері сол еді. Бір кезде Райса Қасымқызының жан дауысы ышқына шықты: «Көрші! Ғинақа! Не істегенсіңдер, біздің тахтамыздың үстін қараңыздар, бомба түскендей бопты?!» демесі бар ма.

Масқара! Не дейді?! Енді бастап ішейін деп жатқан шайыма қақалып қала жаздадым. Көршілерге кірсек, екі бөлмені бөліп тұрған селикат тастар бірнеше жерден жарылып, кесектері мен жарықшақтары жан-жаққа шашырап, үйдің аткөпірі шыққан екен.

«Шебер адамды» қойсайшы, жардың арғы жағында тағы бір үй бар екенін мүлде ұмытып, қызды-қыздымен бұрғыны «тереңге сүңгітіп» жіберіппін. Ұяттан жерге кіріп кете жаздадым.

(Жалғасы келеси санда)

Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
облыстық мәслихаттың депутаты

Ақтаңдақтар ақиқаты

31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Өткен ғасырдың 30-жылдары қазақ даласы озбыр саясаттың салдарынан нағыз қанды қырғынға айналғаны белгілі. М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушыларымен студенттерінің қатысуымен Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық жылдарын еске алып, тоталитаризмнен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері, жазықсыз жазаланған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ұлт зиялыларының тағдырынан сыр шертетін, студенттерге тәрбиелік маңызы терең жиын өтті.

Жиында тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Даришева, "Рухани Жаңғыру" институтының директоры А.С.Қыдыршаев, т.ғ.к, доцент Б.С.Боранбаева қатысып, сөз сөйледі. Жылдағы дәстүр бойынша жиын жаратылыстану-география факультетінде өтті. Себебі дәл осы ғимаратта қазақ қыздарының ішінен ату жазасына кесілген Шахзада Аронқызы Шонанова 1912-1913 жылдары гимназияда білім алған. Қатысушылар Шахзада Шонановамен қатар репрессияға ұшыраған Қаратаевтар әулетінің және өзге де зиялы қауым өкілдерінің тағдырларымен танысты. 1921-1922 жылдары Бөкей Ордасы губерниясында аштықтан опат болған балалар туралы баяндалды. Жалпы, зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1927-1953 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан бастам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда ГУЛагтың 20-дан астам лагері орналасқан. «Социалистік режимнің екі үлкен күнәсін кешіруге болайды: бірі – ашаршылық, енді бірі – қуғын-сүргін», - дейді т.ғ.к., доцент Б.С.Боранбаева. Ал, Қазақстан Халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаткер Тұрар Төлегенұлы Шайхиев нәубет жылдардағы қазақ халқының басына түскен қиын-қыстау кезеңдерге тоқталып, Сталиндік геноцидке анықтама берді.

Университеттің 90 жылдығына орай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ПРОФЕССОР АТЫМТАЙ КӨШІМБАЕВ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлт рухани байлығының сапалық көрсеткіштер қатары мейлінше бай десек, соның бір қырын ашатын тұс - жас ұрпақ бойына оқу мен тәрбие шапағатын егу, сіңіру боп табылары анық. Ұлты мен еліне адал қызмет еткен, оның болашақ өскіндерін тәрбиелеу мен оқыту ісіне бір кісідей ат салысқан, сол жолда қажыр-қайратын аямаған зиялы топтың ішінде өзінің еңбекқорлығымен, қарапайымдылығымен ел есінде қалған тарпаң тұлғалардың бірі – Атымтай Ыбырайұлы Көшімбаев.

Энциклопедиялық мәліметтерге сүйенсек, А.Ы.Көшімбаев 1910 жылы Қостанай облысының, Пресногорьков ауданында дүниеге келіп, 1975 жылы Орал қаласында өмірден өткен. Ол – Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі. Педагогика ғылымдарының кандидаты (1954), педагогика ғылымдарының докторы (1972), профессор. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946 жылы Қаз ПИ-ді бітірген. 1932-37 ж.ж. аудан мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, 1938-50 жылдары Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының әдістемеші-инспекторы, ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері. 1951-54 ж.ж. Орал облыстық мұғалімдер институтының кабинет меңгерушісі, кейіннен Орал педагогикалық институтының аға оқытушысы, доценті, профессоры боп қызметтер атқарған.

А.Ы. Көшімбаев Республика жоғары оқу орындарында әдебиетті оқыту әдістемесі жөнінде алғашқы бағдарламаны және оқу құралын жазған (1938) ғалымдарымыздың бірі.

Әдіскер-педагог Атымтай Көшімбаев есімі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымында ерекше аталады. Өз мамандығының шебері болған оның қаламынан ондаған педагогикалық, әдістемелік еңбектер дүниеге келді. Қазақ әдебиетін орта мектепте және жоғары оқу орындарында оқыту мәселелеріне ғалым А.Ы.Көшімбаев өз дәуірінде тереңдеп барды. Кеңестік заманның саяси ілімін басшылыққа ала жазылғанына қарамастан А. Көшімбаев оқу құралдарының әдістемелік жағынан тиімділігі мен маңыздылығы бұл күнде де өз мәнін жойған жоқ. Сол себепті де «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» курсын өткен кезде студент шәкірттерге пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер мен оқу құралдар тізімінде А.Ы. Көшімбаев есімі белгілі әдебиетші әдіскерлер: академиктер Қ. Жұмалиев, С. Қирабаев, профессорлар Ә. Қоңыратбаев, Ш. Кәрібаев, Т. Ақшолақов, С. Мақпырұлы, Қ. Мырзағалиев, Ә. Дайырова және т.б. қатарында алдымен аталады.

А.Ы. Көшімбаевтың «Әдебиеттік оқудың кейбір мәселелері (мұғалімдерге көмекші құрал)», «Педагогикалық институттардың қазақ тілі және әдебиеті факультетінің Ү курс студенттері үшін Қазақ әдебиеті методикасынан бақылау жұмысы», «Сауатты жазу мен сөйлеу мәдениетінің мектептегі режимі туралы», «Қазақ әдебиетін оқыту методикасының программасы», «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы», «Орта мектептердің Ү-Х кластарында ана тілінен оқушылардың үлгерімін бағалау нормалары», «Сегіз жылдық және орта мектеп программалары» сынды ғылыми-әдістемелік еңбектері мектеп қабырғасындағы шәкірттер мен мұғалімдер қауымына, жоғары мектеп студенттерінің сандаған буын өкілдеріне қызмет етіп келді, әлі де көпшілік кәдесіне жарауда.

Әдіскер-ғалым А.Көшімбаевтың мұраларының ішінде «Әдебиетті оқыту методикасы» атты еңбегі аса құнды саналады. Бұл еңбек А.Көшімбаевтың көзі тірісінде үш рет басылған. Өкініштісі – кейіннен жаңғыртылмаған. Соңғысы – 1970 жыл жарық көрген. Жалпы атауы «Қазақ әдебиетін оқыту методикасының программасы» делінсе де, аталған дүние оқу құралынан кем емес дәрежеде жазылып, дайындалған. Бағдарлама үш тараудан тұрады: 1. Лекциялық курс. 2. Практикум жұмысы. 3. Мектепте мамандық бойынша өткізілетін педагогикалық практика. Еңбектің «Лекциялық курс» деп аталатын бірінші тарауында мектепте әдебиетті оқыту методикасының теориялық мәселелері баяндалды. Аталған тарау кіріспеден өзге алты бөлімнен тұрады: 1. Мектепте қазақ әдебиетінің оқытылу тарихы жайында қысқаша шолу. 2. Сегіз жылдық және орта мектепте әдебиетті оқытудың міндеттері, мазмұны және әдістері. 3. IY (Y)-YII кластарда әдебиетті оқыту мәселелері. 4. Жоғарғы (YIII-Х; қазіргіше IХ-ХI) кластардағы қазақ әдебиеті тарихының элементарлық курсы. 5. Әдебиетке байланысты кластан және мектептен тыс жұмыстар. 6. Әдебиет сабақтарының оқу жабдықтары мен әдебиет кабинеті.

Әр бөлімде оқушының игеруге тиісті білік-дағдысының бағдары нақтыланған. Ал еңбектің 2-ші және 3-ші тарауларында Әдебиет методикасының теориялық курсына байланысты жүргізілетін практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары беріліп, студенттердің III-IY курстардағы педагогикалық практикасының мазмұны баяндалады.

Әдістеме білгірі Атекең әсіресе оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту жұмыстарын өткізу жайына баса көңіл аударады. «Оқушылардың ойлауы мен тілін дамытуда шығарманың жоспарын жасаудың, мазмұнын айтып берудің елеулі орын алатыны сөзсіз. Бірақ бұл жұмыс сақтықпен, қажеттілігіне қарай жүргізілгені мақұл. Әдебиет сабақтарындағы бұл сияқты логикалық, стилистикалық жаттығулар оқушыларды көркем әдебиеттен алыстатып, шығармадан аулақтатып алып кетпесін. Оқушылар шығарманың мазмұнына түсіне отырып, эстетикалық жағынан қабылдауына, оны қызығып оқуына, талдауы әлсіреп кетпеуі жағына баса назар аударып отырған жөн. Бұл жұмыс оқушыларды қызықтырып, олардың белсенділігі мен өнерпаздығын арттырарлықтай дәрежеде ұйымдастырылуы керек» - деп жазады әдіскер ғалым А. Көшімбаев.

Сондай-ақ ғалым пайымынша, студенттерді әдістемелік жағынан дайындаудың шығармашылық сипаты болуға тиіс. Әдіскер А. Көшімбаев әдістемелік теорияны оқып үйренуде, сарамандық сабақтарда және студенттердің педагогикалық сараманы кезінде олардың алдына негізінен екі түрлі міндет жүктейді. Оның біріншісі, мектепте қазақ әдебиетін оқытуда жинақтаған әдістемелік тәжірибені меңгеру, сондай-ақ орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің де тәжірибесін ескерген жөн және алдыңғы қатарлы әдебиет пәні мұғалімдерінің озат тәжірибелерінің таңдаулы үлгілерімен танысу.

Екіншісі, студенттердің шығармашылық ізденушілігіне, оқытудың әдіс-тәсілдерін бірден-бірге жақсартып, жетілдіруге үнемі әркет жасап, алға ұмтылып отыруына жетекші себепші болу. «Мұның бәрі де, - дейді ғалым ағартушы А. Көшімбаев, - халқымыз бен мектебіздің алдында тұрған ұлы міндеттердің тұрғысынан жүргізіледі».

А. Көшімбаевтың осы күнге дейін әдістемелік жағынан өз құнын жоймай келе жатқан еңбектерінің бірі – 1958 жылы жазылған «Сауатты жазу мен сөйлеу мәдениетінің мектептегі режимі туралы» деп аталатын кітапшасы. Бұнда ғалым қазақ тілі мен әдебиетіне арналған мектеп дәптерлерін ұстау тәртібі және оларды тексеру туралы тың тұжырым-ұсыныстарға толы кеңестерін тізіп көрсетеді. Методикалық хат түрінде берілген ереже-нұсқаулық мазмұны негізінен «Мұғалімдердің міндеттері», «Оқушыларға қойылатын талаптар» деп аталатын екі бөлімге бөлініп, «Қазақ тілі мен әдебиетіне арналған мектеп дәптерлерін ұстау тәртібі және оларды тексеру туралы» бірыңғай талап-ережелер белгіленген. Ғалымның «Ана тілі мен әдебиет дәптерлерін ұстау тәртібі» туралы әдістемелік нұсқаулары бүгінгі қолданыстағы Ережемен ұштасып жатқанын аңғаруға болады.

Әдістеме шебері А.Ы. Көшімбаевтың бүгінге дейін өз заңдылығын, күшін жоймай келе жатқан ерекше бір методикалық мұрасы «Орта мектептердің Ү-Х *(қазігіше ХI)* сыныптарында ана тілінен оқушылардың үлгерімін бағалау нормалары» аталатын нұсқаулығы. Жазылғанына көп жыл өтсе де, әлі күнге басшылыққа алынып келе жатқан өте маңызды білім құжатының оқу-әдістемелік кешендік рөлінің ерекшелігі сол – мұнда «Ауызша жауаптарға қойылатын баға нормалары», «Жазу жұмыстарына қойылатын баға нормалары» (оның ішінде диктант, мазмұндама, шығарма) аса дәлдікпен, өзгертуге сыймайтындай, бұзуға келмейтіндей келісті шеберлікпен әдіптелген. Атекеңнің салып кеткен бағалау нормасынан аса ұзай алмай, соның ізімен қаланған бүгінгі нұсқау-ережелердің де түп-төркінінде Көшімбаев стилінің көшірмесі жатқанын атай кеткенді жөн санаймыз.

Атымтай Көшімбаев көріпкелдігіне, оның мықты әдіскер ғалымдығына және бір мысал ретінде оның 1976-77 оқу жылына арнап құрастырылған IY-Х (қазіргіше Ү-ХI) сыныптар үшін дайындалған қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламасын айтып өту ләзім. Саяси-идеалогиялық бағдарын былай қойғанда, автордың тақырып таңдауы, сағат бөлінісі, авторларды іріктеп топтауы, олардың балаларға лайықты туынды-шығармаларын сұрыптап орналастыруы, т.с.с. оқулық мазмұнына қатысты әдіс-шарттарды ғалымның жете білгенін, терең тексергенін аңғаруға болады.

«Әдебиетті оқытудағы аса маңызды міндеттердің бірі – оқушыларды көркем шығармалардың стилімен, поэтикалық тілімен таныстырып отыру. Шығарманың тіл байлығын, сөз өрнегін, образдылығын, олардың әрқайсысының атқарып тұрған идеялық-эстетикалық жүгін оқушыларға жете меңгертуге зер салынады» - дейді ғалым аталған бағдарламаның «Түсінік хатында».

Әдебиетті оқыту әдістемесін ғана емес, әдебиеттің тарихын, теориясын, сондай-ақ тіл білімі мен ғылымын терең игерген «сегіз қырлы, бір сырлы» ғалымның қай еңбектерін алып қарасаңыз да, оның ғылыми-әдістемелік мұралары дәл бүгінге арналып жазылғандай әсерде қалдырады. Бұның өзі, сөз жоқ, «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деген белгілі философиялық аксиоманың мәңгілік категория екендігіне дәлел бола алса керек.

Белгілі әдіскер ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты тәрбиеші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Атымтай Ыбырайұлы Көшімбаев есімін өзі талай жыл қызмет атқарған ұжымы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасы қашанда еске алып отырады. Ғалымның артында қалған ғылыми-әдістемелік еңбектері университет баспасынан қайта жаңғыртылып «Қазақ әдебиетінің әдістемесі» деген атаумен шығарылды

Қара шаңырақ – Махамбет Университеті өзінің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлты мен халқына адал еңбек етіп, артына өшпес рухани мұра қалдырған ерлерін еске алып, ардақтап отырады естен шығармайды.

З.Ж. МҰТИЕВ,
к.ф.к., доцент

ФИЛОЛОГИЯ факультеті

Барлығымыздың көптен күткен, студенттердің мәңгі есінде қалатын "Студенттік көктем" атты факультеттер арасындағы байқау өткен болатын. Байқаудың жалпы мақсаты: талантты студенттерді анықтау,факультеттер арасындағы достықты нығайту. Филология факультеті өздерінің қандай өнерлі жастар екенін көрсетуге кірісіп кетті.Барлығы қызу дайындықта, ат салысып жүрген студенттер өте көп.Әрбір факультетке өздерінің өнерлерін көрсетуге бір сағаттай уақыт бекітілді, сол бір сағаттың ішінде әр факультет өздерінің мықты екендерін дәлелдеді. Биылғы "Студенттік Көктем" байқауының тақырыбы- университетіміздің 90 жылдығына және еліміздің қайта жаңғыруы, яғни "Жаңа Қазақстан" аясына негізделді. Байқау шартында берілген номинациялар бойынша өнер көрсетті. Берілген номинациялар: "Дәстүрлі ән"," Патриоттық ән", "Үздік Фан-клуб", "Қазақ биі", "Аспапта ойнау", "Саундтрек", "Көркем сөз", "Заманауи би", "Шетел әні". Әр факультет концерттік бағдарламаны қиялдарына ерік беріп, креативті ойларымен, ерекше етіп өткізді.

"Студенттік көктем"

Филология факультетінің концерттік бағдарламасының ерекше тұстары көп болды десем артық емес. Көрермендерді арнайы жасалған "Болашақ Роботы" арқылы қарсы алды. Роботқа бәрі таңдана қарап, әрі қарай қызыға түсті. Жүргізушілер профессор, доктор ретінде киінген болатын. Біздің қиялымыздан жасалған Қазақстан өте жоғары дәрежеде дамып кеткен еді. Ең алдымен сахнаны "Заманауи би" ашқан болатын. Осы биде - жаңа, заманауи Қазақстан және де осы байқауда біздің жеңіске жететіндігіміз бейнеленген болатын. Бұл би арқылы "Жаңа Қазақстанды" елестетсе, ендігі кезекте ескі Қазақстанға жол тарттық. Бізге ескі Қазақстанның ескі әуендері құлағымызға майдай жаққан болатын, келесі бөлікке өткенде қазақ биіміздің көрінісін көрдік, мың бұрала билеген аруларымыз көздің жауын алды. Қазақы нақыштағы, ұлттық аспаптарымыздың үнін қызыға тыңдап отырып қалыппыз, бір кезде қоңыр домбырамыздың үні селк еткізер өзінің ескірмейтін үнін еске салды. Келесі бөлікке өтіп едік, қараңғылық басып алды. Кенеттен біреу "Соғыс!" деп айқайлағанда ,көз алдымыздағы өз елі үшін, жері үшін жанын берген батырларымызды көрдік. Арасынан жанын, жүрегін ауыртқан Махамбет батырдың өлеңін жүрекке жеткізіп айтып жатқанда көзімізге жас келді. Көңіліміз түсіп келесі бетке өткенімізде қызыл, жасыл, көк жарықтар көзімізді шағылыстырды, жақындап қарап едік жастық шақтары жалындап тұрған 90 жылдарға да келіп қалыппыз. Сол ескі заманның ретро стилімен әндер, билер шырқалып жатты. Біздің де оларға қалай қосылып кеткенімізді байқамай қалдық. Өте көңілді шарықтап тұрған 18 жастағылар. Кенеттен бөліктердің түстері өзгеріп есіктері бөліне бастады, жақындай берсек өзіміздің Жаңа Қазақстанда қайта кіріп келе жатыр екенбіз біз мұны бірден білдік себебі, шетел әні шырқалған болатын. Концерттік бағдарламаның шымылдығы тәлімгерлердің "Үндеме" әнімен жабылған болатын. Бұл әнде тәлімгерлердің факультеттерді достыққа, бірлікке шақыруы баяндалды. Осылайша, факультетіміздің ұйымдастырылған шарасы өз мәресіне жетті.

Ендігі кезекті байқау қорытындысына берсек. Барлық факультеттердің концерттік бағдарламары көрсетіліп болған соң, байқаудың жабылуы, "Гала концерт" өтті. Барлық номинациялар бойынша дипломдар берілді. Филология факультеті қанжығасын майлап қайтты десем де болады. "Заманауи биден" жүлделі - І орын, "Үздік Фан-клуб" жүлделі - І орын, "Дәстүрлі ән" жүлделі-І орын, "Патриоттық ән" жүлделі- ІІ орын, "Көркемсөз оқу" жүлделі - ІІІ орын, "Ұлттық би" жүлделі - ІІІ орынды иеленді. Биыл факультетіміз үшін жемісті жыл болды. Ат салысқан белсенділерге алғысымызды білдіреміз!

Нұрбану ТУЛЕУБАЕВА,
Филология, 1-курс студенті

Құттықтаймыз!

Университетіміздің атағын, намысын, абыройын алдыға сүйреп жүрген студенттеріміз өте көп. Солардың ішінен факультетіміздің үздіктерін жүлделі жеңістерімен құттықтаймыз!

Атап өтсек, Талдықорған қаласынан "Ілияс әлемі" студент-жастар фестивалінде "Өлең деген- әр сөздің ұнасымы" атты мүшәйрада жүлделі І-орынды, «Қазақ тілі мен әдебиеті", 1 курс студенті - Кеңес Ертай Мерекеұлы иеленді. Ертайға жетекшілік еткен Гүлжан Мұратқызына алғыс білдіреміз! Келесі кезекте, Алматы қаласында өткен "А.Байтұрсынов тағылымы" атты республикалық интеллектуалдық сайысына қатысып, жүлделі ІІ-орынды иеленіп қайтқан, "Қазақ тілі мен әдебиеті" ББ 2 курс студенттері- Қайруллаев Нұртілек, Саматова Аяулым, Сәлімжанова Аңсағаным, Өтепова Аққуды жеңістерімен құттықтаймыз! Жетекшілік еткен Сандуғаш Саматқызына да алғысымызды білдіреміз! Биылғы жыл факультет үшін де, студенттеріміз үшін де табысты, жемісті, жеңісті жыл болды. Тіпті, студенттер арасында "Елбасы Медалін" иеленгендер де бар. "Қазақ тілі мен әдебиеті", 2 курс студенті Маратова Раушан Серікқызы "Елбасы Медалі" жобасының қола медаль иегері атанды. Раушан өзінің білімділігі, алғырлығы мен зейіні арқасында, алты ай бойы үздіксіз осы жоба аясында дайындалып жеңіске жеткендігін атап өтті.Алматы қаласында өткен келесі бір сайыста университетіміздің атынан, факультетімізден Карина Сая, Тулеубаева Нұрбану қатысқан болатын және жоғару оқу орындарының студенттік спорт лигасы аясында тоғызқұмалақтан командалық есепте жүлделі – ІІ орынды иеленіп келді. Факультетімізде осындай жан-жақты белсенді,білімді,алғыр, спорттан да, ғылым жағынан да талантты студенттер барына қуаныштымыз!

Студенттерге толағай табыс, денсаулық, шығармашылық шабыт тілейміз!

Назкен ИВАНОВА,
Филология, 1 курс

Ауылым

Ауылдан шыққан ақ таңымды,
Сағындым, көк дала шалғынды.
Бөктерден құлап домалап ойнаған
Сағындым, балалық шағымды.

Анамның құйған тәтті шәйінде,
Сағындым, кетпейді дәміде.
Арқала, әке асылып ойнайын,
Сағындым, еркелейін әліде.

Дауысын құстардық сайраған бақта,
Ән салып, би-билеген әсем шақта.
Көк таңда ұясына жақынырақ келіп,
Айтшы қияйын қап-қараңғы шаққа.

Қайтаршы маған балалық шағымды,
Жаман ойсыз арылған тарыңды.
Көкке ұшқан күліндей болмайын,
Үзбеші мендегі жіңішке сабыңды.

Сенбейсің тағы есейіп кеткенде,
Жететін жеріңе ертерек жеткенде.
Есіркеп қаласың қарасаң артқада,
Қайталмайтының есіңе түскенде.

Мен сағынамын ауылдың әр таңын.
Сенде оны мендей үзіліп сағын.
Аққөңіл ауылдың адамдарындай,
Таппадың ау өзгеден жаным…

Балалық шағыңды осында тастадың,
Іздедің өмірден бақытын басқаның.
Сездіңбе,көрдіңбе…? көзіңмен,
Өзге шаққа тезірек қадам басқаның.

Қателік мендеде,сендеде осыма?
Қайтесің төзілмеде ,таусылма…!
Біз әлі қайтамыз ауылға…
Ақ кебінге оралып таудың басына!

Нұрбану ТУЛЕУБАЕВА,
Филология, 1 курс

Байтерек

Сақталған өн бойында ер қалыбы,
Қадірін жоя алмаған жер қабірі.
Жұмыр жердің бетіне сен туғалы,
Ілияс деп атыңды ел таныды.

Мерт қылғанда серт ерткен серігіңді,
Шартарапқа жеткіздің шер үнінді.
Туыс түгіл айырып туғаныңнан,
Өгей өмір өксітті-ау өмірінді.

Қара түнек басқанда көз алдыңды,
Қара аспан да көрінбес тозаң құрлы.
Қозғадың көңілдегі мұң мен шерді,
Боздатып жүректегі бозаң жырды

Үнсіз кебін оранар үндемеген,
Тілсіз қалу - құрметі тілге деген.
Садағын кері тартқан кер заманда,
Сұр мерген де өледі сұр жебеден.

Тағдыры тауқыметті мұңға малған,
Арқардай үйір-үйір жырлары ауған.
Үш арыстың біреуі Ілиястың,
Үш жүзге қадірі артық тұлға болған

Қадірлі қоғамның да қадірі өтті,
Әмірі торға қамау әділетті.
Тырнағының ұшына туын бермей,
Найзасының ұшында жаны кетті.

Төрт бірдей әйел алған қайран қалдым,
Шариғатқа сай мінез жайды аңғардым.
Әйелінің ренжітпей біреуін де,
Үмбеттерін көбейткен пайғамбардың

Қалауын сұраса егер құдан Алла,
Өзгеріс енгізер ем бұл ғаламға:
Екі өмір берсе екен деп тілеуші едім,
Біреуін елге арнаған тұлғаларға.

Кеңес ЕРТАЙ,
Филология, 1 курс

Көңілдегім

Жаман сөз естіп жатсаң бөлінбегін,
Өкпелімін,реніштерге көмілемін.
Сіз бірақ әркез менің дұғамдасыз,
Арманым боп қалмасыншы көңілдегім.

Сіздегі жүрек болсыншы менің төңірегім,
Болғым келед құшағында еміреніп.
Аспандағы күнім болсаңыз сіз менің,
Мен нұрына гүл болып егілемін.

Мендік жүрекке талпыншы,берілмегін,
Үнсіздікпен жанды ауыртып жеңілмегін.
Мың жігіттер көңілімді ауламайды,
Себебі, тек өзіңіз көңілдегім.

Бибі АСЛАНБЕККЫЗЫ,
Филология, 1 курс

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Иванова Назкен

Өнегелі өмірін ұстаздық жолына арнаған ұлағатты жандарды көргенде ұзақ ғұмыр тілеп, бейнеттің зейнетін көрсе екен деп іштей қуанып қаласың. Қасиетті қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымында абыройлы қызмет атқарып, ғибратты ғұмырын саналы студент тәрбиелеуге жұмсаған оқытушылар көп. Солардың ішінде бүгінгі күні арамыздағы ақ жаулықты анамыз Балшекер Нұрғазықызы Меретаева туралы айтқымыз келеді.

Ғибратты ғұмыр иесі

Күні кеше сексеннің сеңгіріне шыққан ұстаз-ананы университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев қабылдап, келіп жеткен сексенінші көктемімен құттықтады. Балшекер Нұрғазықызы жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар сақтаған, өте салмақты, ерік-жігері көпке үлгі боларлық жан. Кітапхана ісінің үздігі атанған аяулы анамыз әрдайым ел аузында «ұстаздар ұстаханасы» атанған іргелі оқу ордасында «кітапханашылар» сабақтастығын құрып, университет көлемінде ғана емес, өңірімізге қажетті кадрлар даярлау жұмысына белсене араласқан. Еңбек жолын Жамбыл облыстық кітапханасындағы қарапайым қызметтен бастап, институттағы кафедра меңгерушісіне дейін көтерілген.

Ғұмырнамасында ерекше көзіме оттай басылғаны Балшекер Нұрғазықызының бесінші он жылдығындағы білімге деген қызығушылығы. 1980 жылдары Ташкент қаласында білімін жетілдіріп, кейін 1989 жылы Мәскеудегі мемлекеттік институттардың курстарында даярлығын шыңдағанына бір жағы қуандым, бір жағынан таң қалдым. Бұл өз мамандығына деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі. Балшекер Нұрғазықызы республикада, облыс көлемінде кітапханашыларды даярлаудағы қосқан үлесі өте мол. Ұстаз –анадан тәлім-тәрбие алған орта буынды және жоғары білімді шәкірттердің саны 1500-ден асады, олар республиканың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етуде.

Мен де өз кезегімде Балшекер Нұрғазықызына зор денсаулық, отбасының амандығын, ұрпақ қызығын көруін ғана тілеймін!

Айзада ҚАДІРҚЫЗЫ

Қазақ халқының танымында үлкенге құрмет көрсету - кейінгі ұрпақтың абыройлы борышы саналады. Ардагерлерді ардақтау, зейнеткерлікке жеткен профессор-оқытушыларды әр мереке сайын құттықтау – тамыры тереңге жайылған жоғарғы оқу орнында дәстүрлер сабақтастығына айналған. Білім ордасының бүгінгі жетістігі – ардагер оқытушыларымыздың ерен еңбегінің арқасы. Солардың бірегейі саналатын, алдымызда ақылшы, жас буынға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде үлгі болған Мухлисова Захот Көшкенбайқызы. Күні кеше тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жарты ғасырға жуық уақытын білім мен ғылымдағы ізденістерге арнаған Захот Көшкенбайқызын мерейлі 70 жасымен университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев құттықтады.

Қарымды ғалым құрметке бөленді

Кездесу барысында әдемі әңгіме өрбітіп, өнегелі өмір жолынан естеліктер тыңдады. Жоғарғы оқу орнының басшысы З.К.Мухлисованы Қазақстанның жоғары білім беру ісі мен ғылымын дамытуға және зерделеуге аса зор үлес қосқан, бар өмірін білім беру саласына арнаған, сан мыңдаған шәкірттердің жүрегінде тарихқа деген сүйіспеншілігін оятқан аяулы ұстаз ретінде таниды.

Захот Көшкенбайқызы университеттегі абыройлы қызметтен бөлек өңір идеологиясына еңбегі сіңген қайраткер ретінде халық арасында үлкен құрметке ие бірден бір жан. Университетте кейінгі жылдары жас оқытушылардың әлеуетін бағамдап, бағалаудағы көрегендігі мен оларға кәсіби тұрғыда қолдау көрсетуде айрықша қабілетке ие болған тұлға.

Мерейтой қарсаңында біз де Захот Көшкенбайқызына зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ ғұмыр, барша игі жақсылықтардың ортасында болуын тілейміз. Ардагер ұстаздың ел игілігі үшін жасаған еңбегі елеулі болып, ғибратты ғұмыр кеше беруіне тілектеспіз!

Айзада ҚАДІРҚЫЗЫ

Ашық алаң

Еркіндік, ашықтық, шынайылық. Осы үш ұғымға сай келетін келелі кездесу М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде өтті.

Ашық аспан аясында, көк майсаға жайғасқан студент жастар университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлымен жаңаша форматта жүздесті. Көкейлеріндегі көп сұрақтарға жауап беріп, саяси науқан қарсаңында сауатты пікірге қаныք болды. Бойларына таным мен тәрбиені қатар жиған Махамбет жастары күрмеуі қиын, күрделі сауалдар жолдап, университеттің бірінші басшысымен батылырақ әңгіме өрбітті. Өрендердің өзекті мәселесі болып саналатын шәкіртақы, грант, қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік мәселелерге байланысты сұрақтарын белсенді жолдады. Өз кезегінде Нұрлан Хабиболлаұлы бәріне де ашық, субъективті пікірімен бөлісе отырып, жауап берді. Қатысушылардың қолқалауымен өз өміріндегі қызықты оқиғаларын, студенттік шақтағы естеліктерін айтып берді. Белсенді жастардың ұсыныс тілектерін тыңдап, ЖОО-ның алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісті. Кездесуден соң жастар ректормен естелік фотосуретке түсіп, селфи жасауға асықты. Олардың пікірінше, бұл – жылдың үздік селфиі ретінде ерекше сақталады.

EXPEDITION - 2022

В рамках 90-летия Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова и месячника науки, с 25 апреля по 10 мая 2022 состоялась Международная научно-познавательная экспедиция «Природное наследие Северного Прикаспия». Главной её целью было выявление уникальных объектов природного наследия Западного Казахстана, на основе изучения геологических, геоморфологических и ландшафтных особенностей территории, почвенного, животного и растительного разнообразия, выявление эндемиков и редких видов растений и животных. Подготовка и проведение экспедиции широко освещались в региональных и университетских средствах массовой информации, а также в социальных сетях.

На основе полученных материалов планируется разработка рекомендаций по созданию ряда региональных особо охраняемых природных территорий: Миргородского и Индерского национальных парков, природного парка Северный Устюрт, развитие экологического туризма.

Кроме специалистов ЗКУ им.М.Утемисова, к участию в экспедиции были приглашены учёные из Уральской противочумной станции, Оренбургского государственного педагогического университета, Астраханского государственного университета, Казанского федерального университета, Института экологии Волжского бассейна РАН, Палеонтологического института РАН. Общая протяжённость маршрутов за две недели полевой экспедиции составила 4000 км. Были обследованы природные объекты: гора Большая Ичка, озеро Аралсор, урочище Кызылкапкан в Нарын песках, озеро Индер и Индерские горы, долина нижнего течения реки Эмба, Северный Устюрт в районе плато Жельтау, горы Койкара и Иманкара, а также меловые горы Аккегершын и Актолагай.

Рис.1 - Экспедиционная группа в Индерских горах

Были проведены флористические исследования. Исследованы галофильные сообщества озера Аралсор. Обнаружен новый вид растения для флоры Казахстана - гипергалофит из семейства сложноцветные.

Орнитологические материалы экспедиции включают данные о распространении, биологии и экологии около 100 видов птиц. К наиболее интересным регистрациям относятся находки за пределами известных границ ареалов двупятнистого жаворонка, черноухой (испанской) каменки, южной бормотушки. Выявлены места локального распространения регионально редких и стенотопных видов: южного подвида домового сыча, белогорлого рогатого жаворонка, воронка, черноголовой трясогузки, ворона, пустынного сорокопута, индийского воробья. Получены новые данные по территориальному размещению и численности видов, внесённых в Красную книгу Республики Казахстан: кудрявого пеликана, степного орла, орла-могильника, журавля-красавки, стрепета, чернобрюхого рябка, саджи.

Рис.2. - Тугайный соловей

Экспедицией проведено герпетологическое обследование в Западно-Казахстанской, Атырауской и Актюбинской областях. Всего на маршрутах и в точках стационарных работ отмечены земноводные двух видов и пресмыкающиеся 15 видов. За пределами известных границ ареалов встречены два вида. На горе Большая Ичка встречен ранее не отмечавшийся здесь один вид. Собрано 34 образца тканей (чешуйчатый покров) шести видов змей для ДНК-анализа. Исследования проводились бескровными методами. Все пойманные животные выпущены в места их отлова.

Рис.3. – Узорчатый полоз

Ученые из Казанского федерального университета Силантьев В.В. и из Палеонтологического института РАН А.С. Фелькер провели геологические исследования на северном побережье озера Индер и на прилегающей части хребта Коктау. С высокой детальностью (выделено более 50 слоев и пачек) описан разрез индерской свиты мощностью более 20 м. Зафиксировано трансгрессивное налегание базальных слоев индерской свиты на подстилающие палеопочвы. Установлены фации пресноводной аллювиальной равнины (палеопочвы), солоноватоводных лагун, пляжа, внешнего морского бассейна, штормовых событий. Выявлено два уровня с вулканическими туфами.

А.С. Фелькер установила уровни и маркирующие слои с ископаемыми остатками наземной (растения, четвероногие ящеры), пресноводной и солоноватоводной (ракообразные, рыбы, моллюски и др.), морской (брюхоногие и двустворчатые моллюски) биотой. Маркирующий слой с микроконхидами позволил точно привязать к стратиграфическому разрезу находки четвероногих в местонахождении Моло-Хара-Бала-Кантемир.



Рис.4. – Налегание штормовых ракушняков на палеопочвы. Индерская свита. Средняя часть описанного разреза.

В ходе проведения экспедиционных полевых работ на меловом плато Актолагай была обнаружена новая небольшая пещерная полость. Пещера заложена в меловых породах, слагающих плато Актолагай. Она имеет эрозионно-гравитационное происхождение. Явных следов карстового процесса не обнаружено. В основании пачки меловых пород на уровне дна пещеры расположен слой рыхлых песчаных отложений, который размывается протекающим транзитом сквозь пещеру временным потоком талых и дождевых вод. Вследствие чего происходит обрушение выше расположенных меловых пород. Пещера имеет три входных отверстия. Можно посещать пещеру в дневное время не имея фонарика. Высота пещерного зала достигает до 1,7-2 м. Длина в среднем составляет 9,3 м, а максимально до 12 м. Ширина пещеры до 3,3 м. Так как пещера не имела своего названия, было решено назвать её «Махамбет» в честь Махамбета Утемисова.

Рис.5. Вход №1 в пещеру Махамбет

На поднятии Иманкара была обследована и закартирована одноимённая пещера Иманкара. Она же называется среди местного населения пещерой Нобеля. Это субгоризонтальная полость прямоугольного поперечного сечения, вырубленная искусственно в осадочных песчано-глинистых отложениях. Основной ход этой подземной выработки имеет длину до 12 м. А от него отходят в обе стороны ответвления. В дальних частях выявлена высокая степень радиоактивности до 1,3-1,5 mSv. По-видимому, она связана с наличием и скоплением газа радона. В пользу этого также говорит то, что эти участки имеют очень слабую естественную вентиляцию.

Рис.6. Вид внутри пещеры Махамбет

Рис.7. Члены экспедиции у пещеры Иманкара

На данный момент результаты экспедиции еще обрабатываются. Получены уникальные материалы по современному состоянию объектов природных экосистем Северного Прикаспия, которые будут использованы для подготовки видеофильма «Природное наследие Северного Прикаспия», публикаций в рейтинговых научных журналах, формировании совместных заявок на конкурсы научные гранты.

ПЕДАГОГИКА факультеті

«Дауылды жылдардың жалынды жыршысы»

25-мамыр күні ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы БҚУ-не 90 жыл толуына орай «Дауылды жылдардың жалынды жыршысы» атты халқын найзалы күреске шақырған өршіл рухты, ерлік пен батырлықтың нағыз символына айналған Махамбет Өтемісұлының шығармашылығына арналған шара өткізілді. Шараға мектепке дейінгі бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары Нәбиева Жанаргүл Жұмабайқызы, Мақсотова Толқын Тілеққабылқызы, Бастауышта оқытудың педагогикасы мен мен әдістемесі «ПИМНО-15» студентері,Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу «ДОВ-31», мәдениет және өнер, филология студенттері кітапхана қызметкерлері қатысты.

Шараның мақсаты: М.Өтемісұлының ерлігі мен өрлігін, ақынның отты шығармаларын ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей, санамызға мәңгілікке сіңіру, өскелең ұрпақты қайсарлыққа, батылдыққа тәрбиелеу, еліне, жеріне қалыптастыру. Шара барысында студенттер Махамбеттің 1. Дуйсенбаева Алтынай «Қызғыш құс» 2. Нұрсиых А. «Исатай деген ағам бар» 3.Мубаракова Д. «Арғымаққа оқ тиді» 4.Санат А. «Тарланым» 5.Жылқыбаева І. «Баймағамбет сұлтанға», Әлібекқызы А. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңдерін оқыса, Махамбет батыр бейнесін Бралиева Анар, Жәңгір хан бейнесін Айтмұханова Жания көрнісін сомдады. Дәстүрлі музыкалық өнердің 1 курс студенті Есмахан Ерасыл Арыстанғалиұлы Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін, Мәдениет және өнер факультетінің 2-курс студенттері Ғұмаров С., Зайыров Н., Құрманғазының «Балбырауын» күйін оқырман назарына ұсынды.

«Бір университет - бір кітап» атты кітап көрмесімен кітапханашы Гулшира Шаденқызы таныстырды. Кеште сөз алған оқытушылар Жанаргүл Жұмабайқызы ақын поэзиясына тән өжеттік, өрлік, өткір сын, әр кезде де кейінгі жастарға үлгі екендігі, ақынның бітім тұлғатұрпат, ісі сөзі бәрі ерліктің мәңгі символы деуге тұрарлық деп ойын түйіндеді. Кітапхананың қызметкері Акаина Окасовна «Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті деп қортындылады.

Құттықтаймыз!

2022 жылдың 01-05 мамыр күндері аралығында Тараз қаласында Жастарарасында "САМБО" күресінен ҚР Чемпионатында 98 келісалмақдәрежесіндежүлделі 2 орынды факультетіміздің 3 курс студенті Хамзин Замир иемденді.

2022 жылдың 23-30 сәуіркүндері Самарканд (Өзбекстан) қаласында қол күресінен жас жеткіншектер мен жасөспірімдер және жастар арасында Азия чемпионаты өтті. Жарысқа 12 мемлекеттің іріктелген спортшылары сайысқа түсіп, Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасындағы БҚО спортшылары жарыстың 1-ші және 2-ші күндері факультетіміздің бетке ұстар студенті Байниязова Мерует жүлделі 1 орынға ие болды.

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА...

«6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XIV Республикалық пәндік олимпиадасы Арқалық қаласында Ыбырай Алтынсарин атындағы институтында 2022 жылдың 21-22 сәуірінде ұйымдастырылған болатын.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінің педагогика факультетінің «Kindness» командасы МДОТ-31 Аманкелдиевна Алтынай, МДОТ-31 Әбдісәлиева Көркем, МДОТ-33 Құрбанқали Сабина, МДОТу-23 мамандығының 2 курс студенті Жанболатова Айымгүл қатысқан болатын.

Команда жетекшісі педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы Нәбиева Жанаргүл Жұмабайқызы Олимпиада төмендегідей болды:

I кезең «Тәрбиеші – ұлағатты тәрбиенің тірегі» командалардың өзін-өзі таныстыруы

II кезең.

2.1 Жобалар сайысы.«Студент қиялындағы болашақ» (үй тапсырмасы)

2.2 Сахналық қойылым. «Жалпыұлттық құндылықтарды көркем шығармаларда интеграциялау»

III кезең. «Болашақ маман шеберлігінен.....» практикалық байқауы

Балабақшада оқу қызметін ұйымдастыру

IV кезең. «Білімді мыңды жығар...» теориялық байқауы

Бұл республикалық олимпиадаға әр облыстан 16 университет бақ сынаған болатын. Соның ішінде алға суырылып шығып, XIV Республикалық пәндік олимпиадасында жоғары деңгейде шығармашылық қабілет танытқаны үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті 3 дәрежелі дипломмен және алғыс хаттарымен марапатталды.

«6В01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша XIII Республикалық пәндік олимпиадасы Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде 2022 жылдың 22 сәуірінде ұйымдастырылған болатын.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінің педагогика факультетінің «Педквартет» командасы Пимно-32 Нурхожа Айдана, Пимно-32 Латышова Анна, Пимно-32 Ермекова Дильназ, Пимно-32 мамандығының 3 курс студенті Глухарева Татьяна қатысқан болатын.

Команда жетекшісі педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы Панищева Ольга Александровна.

Олимпиада төмендегідей болды:

I кезең «Команданың визит картасы» команда көрінісі.

II кезең. Аргументтелген эссе

Дайындыққа арналған тақырыптар

Ахмет Байтұрсынов ұлттың рухани көсемі.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің қазіргі бастауыш білім берудегі маңызы.

Ахмет Байтұрсынұлының өлмес шығармалары.

«Ел - баласын өзімдікі демесе, бұл елді де, бала отаным демейді» Ахмет Байтұрсынов

III кезең. Тақырып бойынша топтық презентация: Ахмет Байтұрсынов **-** ұлт ұстазы

Бұл республикалық олимпиадаға әр облыстың университеттері бақ сынаған болатын. Соның ішінде алға суырылып шығып, XIII Республикалық пәндік олимпиадасында жоғары деңгейде шығармашылық қабілет танытқаны үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті 3 дәрежелі мадақтамен және алғыс хаттарымен марапатталды.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Адам өмірінің ең жалындаған шағы студенттік шақ екені баршаға мәлім. Студенттік шақ көптеген қызыққа толы. Соның ішінде өзіңе ұнайтын іспен айналысып күніңді ерекше қызыққа толы өткізуге не жетсін?! Студенттердің биге құлшынысын арттырып, талантын ашу мақсатында кастинг жүргізіліп, Тарих, экономика және құқық факультетінің жанынан қыркүйек айында іріктеу арқылы 1-2 курс студенттер арасында «Step Way» би тобы құрылған болатын.

«Step Way»

Бишілердің мамандықтары кәсіби биші болмаса да, талпыныстары жоғары, мақсаттары айқын. Қазіргі уақытта факультетіміздің мақтаныштары биік белестерді бағындырып, болашағынан зор үміт күттіреді. Би тобының қоржындарында көптеген кубоктар бар. Айта кетсек, "The dance awards" факультет аралық байқауында бас жүлде, «Студенттік көктем-2022» факультет аралық фестивальде хореграфия жанры, ұлттық би бағыты бойынша 1-орын, ал заманауи бағыт бойынша 2-орын алды. Сонымен қатар, Дарынды балаларға арналған №11 мектепте жүргізілген кәсіби бағдар барысында өз өнерлерін көрсетті. Факультетіміз түрлі қайырымдылық концерттерінде өнер көрсетіп жүрген өнерпаздарымызбен мақтанады!

Камшат ИХСАНОВА,
Экономика және менеджмент мамандығының 2 курс студенті

Мен өзгерісті қолдаймын!

Қазақстан тарихындағы ең алғашқы референдум осыдан 27 жыл бұрын болған. Елімізді үлкен өзгерістерге алып келетін мемлекеттік маңызы бар екінші референдум біз үшін де тарихи оқиға. Мемлекетті құру бір адамның басындағы жүк емес, оған барша халық болып жұмыла кірісу керек. Біз білімді жастар болашақ біздің қолымызда екенін ұмытпау керекпіз. Әрбір Қазақстан азаматы мен азаматшасының осы референдумда дауыс беру құқығы бар. Білектің күшімен, найзаның ұшымен қаланған мемлекет іргесін нығайтуда бәріміз атсалысайық. 5-маусым болатын референдумға көзі ашық, көкірегі ояу жастарды шақырамын!

Камшат ИХСАНОВА,
Экономика және менеджмент мамандығының 2 курс студенті

Я Макашева Сұлужан, поддерживаю Республиканский референдум,который состоится 5 июня 2022 года. Вы знаете, что во время январских событий мы чуть не лишились своей Независимости. После чего наш Президент Касым-Жомарт Токаев объявил о принятии стратегических новых политических решений. А именно, структурные изменения действующего законодательства – проведение республиканского референдума. Как вы знаете, последний референдум был при принятии Конституции в 1995 году, далее все поправки и новшества вносил Парламент. Сейчас законодательство ориентируется в сторону слышащего государства. Искренне верю,что изменения улучшат нашу страну так как изменения, которые будут происходить более чем соответствуют обещанию Президента, сделанному во время трудных событий января этого года. Я считаю, что изменения повлекут исторические и фундаментальные политические сдвиги в нашем государстве и дадут толчок развитию политической воли общества. Будущее в наших руках, поэтому я поддерживаю свою страну!

Сұлужан Мақашева,
Юр-12

Батыс Қазақстандағы репрессия зардабы

Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Батыс Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін: тарих пен тағдыр: (ХХ ғасырдың 20-50 жылдары)» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша өңірлік комиссияның жұмыс нәтижелері жарияланды.

Өңірлік комиссия төрағасы, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетовтың атап өткеніндей, өңірде соңғы бір жыл ішінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси репрессияның себебі мен салдарын зерделеу бойынша кешенді жұмыс атқарылды. Бұған облыста өңірлік комиссияның жұмысын дұрыс ұйымдастыру, облыстық әкімдік тарапынан жақсы қолдау болғаны әсер еткені анық. Соның нәтижесінде өңірлік жұмыс тобы былтыр Алматы қаласы архивтеріне екіапталық іссапарға жіберіліп, жыл соңында екі жинақты жарыққа шығарды. Бұдан бөлек www.batysmura.kz сайты облыстық жұмыс тобының ай сайынғы жұмыс нәтижесін халыққа жария етіп, көпшілікпен қоян-қолтық қарым-қатынас жасап отыр. Жергілікті құқық қорғау органдары жанындағы арнайы архивтерде сақталған құпия құжаттарға сараптама жасалуда. Бүгінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша комиссияның өңірлік жұмыс тобы бірнеше бағыт бойынша зерттеу-сараптау жүргізуде. Осы жылдың соңында түрлі бағытта 10 жинақты жарыққа шығару жоспарланған.

1920-1922 жылдардағы Орал, Бөкей губерналарындағы ашаршылық зардаптары туралы сөз қозғаған тарих ғылымдарының кандидаты, Махамбет университетінің доценті Бақтылы Боранбаева да тың мәліметтерді жария етті. «Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқын тағы бір зұлмат сынақ күтіп тұрды. 1921 жылғы қыста қардың, жазда жауынның болмауы әсіресе Еділ бойы аудандарын құрғақшылыққа ұшыратып, оның соңы ашаршылық нәубетіне әкелді.

1920-1922 жылдары Бөкей губерниясының халқы да ашаршылық қасіретін басынан өткізгенін Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған тарихи деректерден анық көреміз» дейді ғалым. Батыс Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін лагерлері мен НКВД кеңселері туралы зерттеген тарих ғылымдарының кандидаты, Махамбет университетінің кафедра меңгерушісі Әлфия Байболсынова облыс аумағында болған саяси тұтқындар лагерлері туралы мағлұмат табу өте қиын болғанын айтады.

«Бұл ақпарат аса құпия сақталған, құқық қорғау органдары оны барынша жасыруға тырысады, ал кейбір маңызды құжаттар әскери құпияға сәйкес жойылған. Соған қарамастан аталған бағытта барлық мүмкін болған деректерді іздестіріп, зерттеу жүргізіп жатырмыз» деді Әлфия Сабырғалиқызы.

Зерттеулер Батыс Қазақстанда да жазалау лагерлерінің тізбегі болғанын көрсеткен. Мәселен, ГУЛАГ жүйесінде қызмет жасаған Орал өңіріндегі лагерлер желілері 3 бағытқа бөлінген. Оларда 2 мыңнан -5 мыңға дейін тұтқын ұсталған. Олар Каменлаг, Безымянлаг және Салават лагер, АЛЖИР-дің Оралдағы бөлімшесі.

Қазіргі Саратов облысымен шектес Тасқала ауданы аумағында орналасқан ең үлкені Каменлагта негізінен өзге өңірлерден жер ауып келгендер орналастырылған, оның ішінде еңбекпен түзету лагері және арнайы қоныстар (спец поселениелер) желісі жұмыс істеген. Лагердің орны қазіргі Тасқала ауданы орталығынан 25 шақырым жердегі Ешкітауда болса керек.

Міне, Президенттің арнайы Жарлығынан соң құпиялылық құрсауы алынған құжаттардан советтік репрессияның зұлымдық зардабы енді ғана толық көлемде анықталып жатыр. Бұл құжаттарды жариялап, жазықсыз жапа шеккен тағдыр иелерінің есімдерін толық ақтау – Жаңа Қазақстанның алдында тұрған парыздың бірі.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Каримова Карина

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ң мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Аталған Жарлыққа сәйкес, Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғандықтан, бұл күн «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінің студенттері бұл күнді 6-шы мамыр атап өтті. Факультет ұлдарына арналған шағын концерттік шара ұйымдастырылып, көңіл көтеретін ойындармен жалғасты. Өткізілген шара соңында құттықтау сөз кезегі беріліп, барша ұлдарды физика-математика факультетінің студенттік деканы Орынғали Аружан жылы лебіздерін білдіріп, құттықтады.

Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

«Сонда ғана»

Ойланшы сен, не істедің, не қылдың?
Ойланшы сен, қозғалмастан бір орында отырып.
Сонда ғана, түсінерсің өміріңнің бар мұңын,
Сонда ғана, жеткізерсің арманыңа қол ұшын.

Арманға сен, жетпейсің ғой талапсыз,
Еріншек боп, сол түнекте мәңгілікке қаларсыз.
Жою керек, жамандықты бойдағы,
Сонда ғана, өмірдегі дұрыс жолды табарсыз.

«Эй, взрослый, мечты сбываются, поверь!»

Эй, взрослый,
Мечты сбываются, поверь!
Ведь каждый ребенок в это верит.
Однажды постучит в твою дверь,
И счастливыми днями все боли заменит.

Однажды стоя напротив он скажет:
Привет друг мой, долго ли ждал?
Все твои давние мечты расскажет
И напомнит, сколько раз из-за них ты страдал.

«Өмір ғажап»

Өмір ғажап, дұрыс сүре білсеңіз,
Бақыттың да шегіне де жетерсіз.
Ешбір жанға еш жамандық ойламай,
Өзіңіз бен өзіңіз тек жүрсеңіз.

Жамандасын бірақ сен жамандама,
Олардың бос сөзіне алаңдама.
Сен өзгесін, соны біл, ұмытпағын,
Сонда ғана, жанар сенің үміт бағын.

Өмір ғажап, бағалай тек білсеңіз,
Қолыңдағы бар нәрсені сүйсеңіз.
Өзге адамның өміріне қызықпай,
Өміріне өзіңнің көңіл бөлсеңіз.

Гульсим БЕИСОВА,
И-11 тобы

ҰЛЫ ЖЕҢІС

Биыл 9 мамырда Ұлы Жеңістің 77 жылдығы аталып өтуде.

9 мамыр күні Қазақстан халқы Ұлы Жеңіс күнін атап өтіп жатыр. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған ата-әжелері бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі.

Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,5 миллион ұл мен қыз аттаныпты. 600 мыңнан астам қазақстандық бұл соғыстан оралмады. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды.

Төрт қазақстандық Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ұрыс кезінде қаза тапқан пулеметші Мәншүк Мәметова және мерген Әлия Молдағұлова Батыр атағын алды. Батыр атағын алғандар қатарында атқыштар Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Сергей Лутфиллин, Мин Сен Юр, артиллеристер Серікбай Мүткенов, Иван Новиков, ұшқыш Нүркен Әбдіров, минометші Қарсыбай Сыпатаев, атты әскер Бақытжан Қаратаев, сапер Петр Гончаров, политрук Мәлік Ғабдулин, торпедалық катер командирі Борис Ущев және басқалар бар. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері болды.

Рейхстагқа шешуші шабуылға шыққан және Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев, капитан Борис Чупрета, минометші А.Бақтыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

Қаншама жылдар өтсе де, бұл оқиғаны ұмыту мүмкін емес. Барша қазақстандықтарды жылдар бойы күресіп, ауыр келген Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Гульсим БЕИСОВА,
И-11 тобы

ЖАҢАРТЫЛҒАН КОНСТИТУЦИЯ - ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ

2022 жылдың 26 мамыр күнінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ақпараттық түсіндіру шарасы ұйымдастырылды.



Шараға университетіміздің Рухани Жаңғыру институтының директоры Кдиршаев Абат Сатыбаевич, политолог Шайхиев Турар Тулегенович қатысты. Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Қ. Досжанов алдағы референдумның маңызына жете тоқталып өтті, өзара пікір алмасып, референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Информатика кафедрасының ПОҚ

«ЖАҢАРТЫЛҒАН КОНСТИТУЦИЯ - 2022»

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру шарасы ұйымдастырылды.

2022 жылдың 31 мамыр күнінде Информатика кафедрасының ұйымдастыруымен 1,2 курс студенттеріне Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру шарасы ұйымдастырылды. Шараға университетіміздің тәрбие бөлімінің жетекшісі, жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ешимова Жанбота, топ кураторлары қатысты.

Жанбота 18 жасқа толған азамат, азаматшаларға референдумға қалай қатысатынын, қалай дауыс беру ережелерімен ақпараттандырылды. Алдағы референдумның маңызына жеке-жеке тоқталып, референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Б.С. НАСЫРОВА,
Информатика кафедрасының тәрбие жұмысының аға кураторы

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Утепбергенова Гүлжауар

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

ЖЕҢІС КҮНІ

9 мамыр - Жеңіс күні - ең қымбатты, қуаныштыда қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады.

Осы мерекеге орай, факультетіміздің студенттері ұлы мерекені ұлықтап, атап өткен болатын.Концерттік бағдарламада Ұлы Жеңістің оңайшылықпен келмегені айшықталып, ата-бабамыздың көрсеткен қайсарлықтары мен өжеттіліктеріне тағы бір мәрте куә болдық!

Бұл күн бізге оңайлықпен келмеген соң, талай боздақтарымыздан айырылып, ата-ана жәудіреген баласынан қас қағымда айырылған ауыр оқиғаны ешқашан ұмытпақ емеспіз және осы дүниені өзімізден кейінгі жас ұрпаққа ұлықтап өту де біздік парыз.

Ұлы Жеңістің 77 жылдығы құтты болсын!

Күйбең тірлік өмір атты белесінде,
Ер жігіттің ерліктері ел есінде
Бабаларға, батырларға мың алғыс,
Қазақ халқы бейбітшілік кемесінде!
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Гүлназ ЕРБОЛАТОВА

ПРОГРАММА ПО АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ - это возможность провести семестр в другой стране

Добрый день. Меня зовут Гулжаухар. Мне 19. Я из города Атырау. Мой рассказ о том, как я поехала в Россию по академической мобильности, в Башкирский государственный университет. Сказать, что мне понравилось, мало - я в полном восторге! Очень благодарна своему вузу, Западно-Казахстанскому университету им.М.Утемисова за такую возможность.

Я поехала в Россию после нового года, т.е. в середине учебного года. Интересно то, что в России это зима, и куда ни посмотришь, всюду лежит снег. Для обучения в университете есть все, что нужно: хорошая библиотека, компьютерный класс с Интернетом, большие учебные залы и, конечно же, опытные преподаватели. Также в БашГУ есть прекрасная столовая, в которой можно вкусно позавтракать, пообедать и даже поужинать. Ведь занятия проводились с понедельника по субботу с 9 утра и до 21.15 вечера. Занятия были совсем нескучными, хоть я и училась с 9 утра до 14:00 дня, усталости не было, старалась ловить каждое слово преподавателя. Объясняли все доступно и максимально понятно, не спеша. Во время семестра по академической мобильности, в России я приобрела огромнейший опыт жизни за границей. Обучение в России по академической мобильности стало прекрасной возможностью, которая открыла новые горизонты личностного и профессионального роста. Раньше я не была очень закрытой, но и общительной меня было сложно назвать. До звания «душа компании» явно не дотягивала. По приезду в российский университет все кардинально поменялось. У меня появилось много друзей из разных уголков мира, о таком я даже мечтать не могла. Ценность таких знакомств в том, что они кардинально тебя меняют изнутри. Разные культуры, мировоззрение, традиции все это позволяет взглянуть на мир по-другому. За период обучения я сдружилась с ребятами из Колумбии, Таджикистана, Туркмении, Афганистана, Египта и Сенегала. Учеба за границей – это море эмоций и незабываемые события, это то, что каждый студент обязан испытать, если есть такая возможность. Студентам, обдумывающим поступление в иностранные вузы, особенно желающим остаться работать после учебы в определенной стране, я рекомендую проверить и оценить возможности трудоустройства в индустрии и специальности, которую вы собираетесь изучать. Кроме того, важно понимать серьезность обучения, еще до начала учебы быть настроенным на получение знаний по максимуму и каждый день стараться знакомиться с новыми и новыми людьми.

А вообще, я советую ничего не обдумывать! Просто ехать и всё, главное не бояться и не сомневаться. ☺ В любом случае, учеба за границей – это полезный и ценный опыт, о котором маловероятно кто-то пожалеет. Ведь мир на самом деле намного шире и разнообразнее, чем нам с вами кажется. И нужно не упускать возможности увидеть его! Путешествуйте, учитесь, познавайте другие культуры, страны. Это изменит вас в лучшую сторону, и вы станете другим человеком!

Гүлжауһар АНКАШЕВА,
Гео-21

«Дискотека из 90»

Факультетіміздің белсенді студенттері «Дискотека из 90» кешін өткізді. Бұл шараның өзге шаралардан ерекшелігі тек өз студенттеріміздің арасында ғана емес, факультетаралық достық қарым-қатынасты көтеру мақсатында басқа факультеттің студенттері де шақырылып, ерекше жоба іске асты. Бұл шараның мақсаты да осы еді.



Шара еркін түрде өтіп, әртүрлі турлардан тұрды. Ойын ойнап, өнер көрсетіп, әр студент өздерін сан қырынан танытып, креативті тұрғыдан ерекшеленді.

Дресс-код бойынша да әр студент өзінше ерекшеленіп, кештің сәнін келтірді. 90- жылдардағы әндер мен белгілі тұлғаларды тауып, тапқырлықтарын көрсетті.

Соңында белсенді қатысқан студенттер дипломдар мен GF-ның белгісі бар сыйлықтарға ие болды. Сыйлықта өзінше ерекше(90 жылдармен байланысты) болды. Өзге факультет студенттері алғыстарын білдіріп, әдемі кеш қорытындыланды.

Алда әлі талай қызықты шараларда көріскенше, бізбен бірге болыңыздар.

Гүлназ ЕРБОЛАТОВА

РЕФЕРЕНДУМ

Референдум тікелей демократия механизмі (MDD) және азаматтардың пікірі сұралатын азаматтардың қатысуы, заңның жасалуын, өзгертілуін немесе күшін жоюды мақұлдайды немесе қабылдамайды немесе сайлау құқығы арқылы әкімшілік акт.

“Ендеше Референдум бізге не береді?” деген сұраққа жауап берейік:

Ең алдымен, 99 баптан тұратын Қазақстан Конституциясының 33 бабына, яғни Ата Заңның 3/1 бөлігіне өзгеріс енгізіледі. Бұл түбегейлі саяси реформа! Екіншіден, бұрыңғы супер президенттік басқарудан түпкілікті бас тартылады. Тұңғыш Президент туралы қолданыстағы Заң күшін жояды. Конституцияда «Елбасы» және «Тұңғыш Президент» терминдері жойылады.

Үшіншіден, президенттік республикаға айналамыз. Яғни, билік тек бір адамның қолында болмайды, саясатқа, ел басқару ісіне халық түгел қатыса алады.

Соның жарқын мысалы – саяси партия құру үшін бұрынғыдай 20 мың емес, 5 мың адамның қолы болса жеткілікті.

Төртіншіден, Парламенттің рөлі мен мәртебесі артады. Мәжіліс Заң жобаларын мақұлдамайды, қабылдайды. Сенат тиісінше оны мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Мәжіліс депутаты болу үшін тек партиялық тізімге ену шарт емес. Бір мандатты округ бойынша өзін-өзі ұсыну арқылы да Мәжіліс депутаты болуға болады. Жергілікті мәслихаттарға да тап сондай норма қолданылады.

Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылады.

Бесіншіден, Президент облыс әкімдерін тағайындар кезде кемі екі үміткерді мәслихат депутаттарының қарауына ұсынады, ең көп дауыс жинағаны әкім болып тағайындалады.

Алтыншыдан, елдегі табиғи ресурстар мемлекет меншігі деп емес, халыққа тиесілі деп нақты белгіленеді. Және тағы да басқа шешімдер қабылданбақшы. Ал бұл шешіммен келісуіңіз, не келіспеуіңіз толықтай сіздің құқығыныздa!

Референдум – халықтың билікке тікелей араласуы, халық үнін тыңдау.

Адам заң үшін емес, заң адам үшін құрылады. Заң арқылы халықты әдемі өмірге бейімдеу өзіміздің қолымызда. Бұл әркімнің таңдауы. Өздеріңізді таңдау жасау құқықтарыңыздан айырмаңыздар. Әр адамның пікірі ел дамуында маңызды!

Индира ЖУЛКАШЕВА,
БГ-21

Жалынды жастық

Жаратылыстану-география факультетінің түлектерімен “Жалынды жастық” атты кездесу кеші өткізілді. Бұл ауқымды шараға қаламызға белгілі жандар қатысты.

Кештің қонағы болып:

• “BILIM” оқу орталығының негізін салушы Риза Талапова;

• Қаламызға танымал фотограф Бахтияр Ғабдолов;

• Танымал блогер Бибинұр Хамитқызы;

• “Орал жастары” ресурстық орталығының басшысы Дулат Нұрбергенұлы;

• Факультетіміздің 2012/2013 жылғы студенттік деканы Архат Жұбайұлы қатысты.

Кездесуде түлектеріміз өздерінің студенттік шақтарынан қалған ыстық естеліктерін айтып, студенттерге ақыл-кеңестерін берді. Сонымен қатар факультет атынан естелік сыйлықтар табысталды. Алтын уақыттарыңызды бөліп, кездесуге келгендеріңізге көп-көп рахмет!

Бет редакторлары: Бисенғалиева Әйгерім, Жулкашева Индира

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

«Ақыл мен көрік сынға түсетін - MISS MF 2022»

Мамыр айының 20-жұлдызында Мәдениет және өнер факультетінің, Хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасының, Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 2 курс студенті Джалбыкова Аружанның «Бос уақытты көркемдік - бұқаралық ұйымдастыру» пәні бойынша практикалық жұмысы негізінде ұйымдастырылған «Miss MF - 2022» сұлулық байқауы өткен болатын.

Байқауда Мәдениет және өнер факультетінің арулары бақ сынасты. Жоба 1 ай көлемінде созылды. Байқау барысында қыздарымыз дефиле сабақтарын алып, фотосессияларға қатысып, турлардан өтіп жүрді. Кастингтен 10 қыз өтіп финалға 8 қатысушы қатысты. Сонымен қатар байқаудың өтілу тәртібіне өзгерістер енгізілді. «БҚУ аруы - 2019» Камила Халитова биыл оқуын бітіруіне байланысты өзінің тәжін «Miss MF» аруына табыстады. Көп ұзамай «Miss MU» байқауы жүзеге асырылады. Ал финалда аруларымыз 5 кезең бойынша сынға түсіп нағыз мықтылар анықталды. Олар номинациялармен, жүлделі орындармен және демеушілердің сертификаттарымен марапатталды.

Ақылы мен өнері, білімі мен сұлулығы сынға түскен арулар келесідегідей жүлделерге ие болды:

«Miss Instagram» - Гилманова Айару.

«Miss Batyr» - Есенғазы Гүлдана.

«Miss Model» - Мирова Анар.

«Miss Talent» - Беріккалиева Анель.

«Miss Fashion Dress» - Алшинова Аружан.

«3 Vice Miss» - Куанышева Аружан.

«2 Vice Miss» - Төлегенова Айшолпан.

«1 Vice Miss» - Сатымова Асылзада.

«Miss MF-2022» - Есенғазы Гүлдана.

Сұлуларымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аруларымызға «cosmetika_opt_uralsk» косметикалық дүкенінен 8000 тенгеге дейін сертификат, «taqiyal_» аруларымызға арнайы тігілген тақия, «fashion9942_uralsk_new» бьюти бокс, «sharkhat.kh» сертификат, «koja_koshelki_uralsk» әмиян, «ds_dental_clinic» бас жүлдеге 30.000 тг, 1 орын алған аруымызға 20.000 тг, 2 орын алған аруымызға профессиональный чистка сыйлыққа берілді.

Қанжығада қола жүлде

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Халық музыкасы факультеті жыл сайынғы дәстүрмен XIV-ші Республикалық студенттік пәндік олимпиадасын өткізді. Қазақтың халық ән өнері мен күй өнерін жандандырып,қос ішектің құлағында ойнаған дарабоз дарындылар қазақ өнеріне жаңаша бір сән берді. Бұл аламан бәйгеде «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығы бойынша, М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің

«Дәстүрлі музыкалық өнер: «Халық аспаптары – домбыра» мамандығының 1 курс студенті Абуханов Тұрлыхан Махамбетұлы 3 орын иемденіп, лауреат атанды. Жетекшісі университетіміздің қауымдастырылған профессоры-Нұрымбетов Еркін Шаяхметұлы.

Ұлағатты ұстазымыз бен дарынды шәкіртімізді бағындырған белесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақтың қара домбырасының құдіретін ұғындырып,Батыс жұртшылығының мерейін бір асқақтатқан Тұрлыхан Махамбетұлының еңбек жолына толағай табыстар тілейміз!

Ұлттық өнеріміз дәріптелген күн

24 мамыр күні «Ұлттық салт – дәстүрді насихаттауға арналған ақпараттық – түсіндірме жұмысты ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылған «Өнерімнің биігі – жыр-терме!» атты облыстық жас термешілер байқауы оздырылды.Ұлттық дәстүр мен өнер мәдениетін қалыптастыру жолында ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылған бұл шараға мәдениет және өнер факультетінің студенттеріде қалыс қалмады. Атап айтсақ Дәстүрлі музыкалық өнер: «Халық әні» мамандығының студенттері бой көрсетті. Ныгметова Индира Сабырбекқызы Наурызбек жыраудың «Әуелі сөзді сөйлейін» туындысын және Сүгірдің термесін орындап Алғыс хат иегері атанды. Изимгалиева Гүлім Жұмагелдіқызы - Нұртуған «Қанекей тілім сөйлеші», Жамбыл Жабаев «Жаз» шығармаларын орындап жүлделі 2 орынға ие болды.Елшінбекова Рысты Сырбайқызы – «Сәттігұлдың термесі», Наурызбек жыраудың «Толғау» шығармаларын сәтті орындап байқаудың 1 орын иегері атанды.Ұлттық өнерімізді халыққа паш етіп жүлдегер атанған студенттерімізді құттықтай отыра, үздік жас өнерпаздарды облыстық байқауларға шығарып, өн бойына өнерді дарыта алған жетекшісі Мухамбетжанова Айжан Абухановнаны шын жүректен құттықтаймыз. Шығармашылықтың биікте озық үлгісі болып, бағындырар белестеріңіз көп болғай. Әрдайым шәкірттеріңіз шың басында болсын!

Дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының ұйымдастыруымен Әлшекей Бектібайұлы атындағы дәстүрлі өнерді қолдау қорының вице-президенті, ҚР-ның Мәдениет қайраткері, Е.Рахмадиев атындағы Нұрсұлтан қаласы мемлекеттік Академиялық филармониясы, ҚАЗАҚ оркестрінің дирижеры Бекенов Нұрлан Алданышбайұлымен концерттік кездесу кеші өтті.

Жылы жүздесу

Кеште Н.Бекенов өз жұмысының қыр-сырын студенттермен бөлісіп, практика жүзінде тәжірибе алмасты.

Сазды кеште сөз алған Мәдениет және өнер факультетінің деканы Қарлығаш Рахымқызы Н.Алданышбайұлының өнер жолына сәттілік тілей отыра, арнайы алғыс хат табыс етті. Оған қоса, естелік ретінде Еркін Шаяхметұлы «Сыр сүлейі Әлшекей» атты кітабын сыйға тартты.

Ұлттың да, ұлыстың да ұлылығы - Мәдениетінде!

Өнер мен мәдениет – егіз ұғым, бұл бағыттағы әр қадам игілікті. Ал мәдениет қызметкерлері – айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, нағыз өз ісінің майталман шебері ретінде өнерге берілген азаматтар.

Ұлттық өнеріміз бен Мәдени мұрамызды насихаттап жүрген өнер майталмандарын мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

21 мамыр - Мәдениет және Өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл мереке еліміздің рухани дамуына және бай мәдени мұрамызды дәріптеуге зор үлес қосып жүрген жандарды біріктірген, шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі. Демек, бұл күннің әрбір мәдениет қызметкері үшін айрықша орны бар.

«Өнер – ұлттың жаны». Расында да, өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Ұлттық мәдениеттің бір бөлігі болып саналатын Жайық өңірі – қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені. Осы мекеннің өркениеттен қалып қоймай, заман ағымымен қатар жүруіне ықпал етіп, тынымсыз еңбектерімен зор үлес қосып жүрген Мәдениет және өнер қызметкерлеріне барша өнер сүйер қауым атынан шын жүректен алғыс білдіреміз!

Шабыттарыңыз шарықтап, Мұзарттарды бағындыра беріңіздер!

Ыстық ықыласпен, Мәдениет және Өнер факультеті.

Тартысқа толы ФУТБОЛ

7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне орай Мәдениет және Өнер факультетінің ер жігіттері арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Жарысқа әр мамандықтан жиналып құралған 5 команда қатысты:

«Біріккен мамандық»

«Палчандар»

«Режиссура»

«Сұңқар»

«Алаш»

Тартысқа толы болған ойын қорытындысы бойынша:

3-орын - «Режиссура» командасы;

2-орын - «Палчандар» командасы;

1-орын - «Біріккен мамандық» командасы жеңіс тұғырынан көрінді.

Ойын барысында үздік ойын көрсеткен ойыншыларда бірқатар аталымдармен марапатталды.

Атап айтсақ:

- «Үздік қақпашы» аталымы - Айбек Бейбітұлы;
- «Үздік шабуылшы» аталымы-Мирас Қобыланды;
- «Үздік ойыншы» аталымы - Мажит Иманбек;
- «Үздік қорғаушы» аталымы - Есмах Ерасыл;
- «Үздік ойыншы» аталымы - Тулегенов Бекзат иеленді.

Барша жеңімпаз командалар мен ойыншыларды жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
НұрАйзат Мұнарқызы



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издается с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А.Байтұрсынов

Журналист
(Journalist)

№5 (49), мамыр, 2022 жыл

Махамбет университетіне – 90 жыл

Ғабдырахим ағаның кісілік келбеті

*Өмірде нағыз ізгілікті кісілік келбеті бар, өзіндік қадамы болған ағалар сапынан, жастарға өнеге тұтар адал жандар қатарынан **Ғабдырахим Әбуханұлының** есімі аталады. «Артында мағыналы жүріп өткен жол қалса, жақсы атың қалса, ол – екінші өмірің» деген осы да.*

«Құрмет белгісі» орденді (1961 ж., 15 қыркүйек) айтулы ұстаз, «Жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер» (1972 ж., 7 наурыз), «1941 – 1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалінің (1946 ж.) иегері ***Ғ.Ә.Әбуханов*** 1912 жылы ақпанның 25-інде Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Ол 1939 жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтты үздіктер сапында аяқтап, осы білім ордасына жұмысқа қалдырылады. Соғыс басталар 1941 жылғы еңбек кітапшасында «ОПИ-дың орыс тілі кафедрасының оқытушы-аспиранты және қазақ әдебиеті пәні оқытушысы», «1942 ж. қаңтар айынан бастап V-VII сыныптардың орыс тілі мұғалімі» деп жазылған. Ғабдырахим Әбуханұлы 1942 жылдың қыркүйегінен бастап Жымпиты орта мектебінде директор болып тағайындалса, 1944 жылдың шілде айында Орал мұғалімдер институты директорының оқу ісі және ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары болып бекітіліп, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы ретінде жұмыс жасайды. 1946 жылдың шілде айынан бастап Алматы қаласындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына түсіп, өз кезегінде *«Семантика и синтаксическая функция притяжательных аффиксов в современном казахском языке»* тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтімен қорғады. Ғ.Ә.Әбуханов 1955-1958 ж.ж. Ақтөбе қаласындағы Н.Байғанин атындағы педагогикалық институтында ректорлық қызмет атқарса, кейін өзі туған аймағына оралып, Орал педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі (1963 жылға дейін), ал 1963-1975 жылдар аралығында республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққанға дейін осы институттың оқу ісі және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болған...

Өзіміз А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтын 1981-1985 жылдары оқыдық. Бізге Ғабдырахим ағаның ұстаздық шарапаты молынан тиді. Ғабдырахим аға біздің топқа «Қазақ графикасының тарихы» пәнінен дәріс оқып, практикалық сабақ жүргізді. Есіктен «Ассалаумағалейкум» деп кіріп келе жататын, ұзын бойлы, зор денелі, пошымы бөлектеу жаратылған ғұлама ағамызды студенттер қауымы жымия күліп, асқан ризашылықпен қарсы алушы едік. Ғабдырахим ағамыздан «А.Байтұрсынов алфавиті» (Ахаң есімі әлі атала қоймаса да) туралы естіп біліп, ауылдағы бауырларымызға жазылған бір хатымызды төте жазу үлгісімен жолдап та жібердік. Кейін осы білгеніміздің пайдасын да көрдік. Аспирант кезімде Алматыдағы Ұлттық кітапхана мен Ғылым академиясы кітапханаларындағы сирек қолжазбалар бөлімінен Ахаң еңбектерін түпнұсқадан оқуға мүмкіндік алып, нәтижеде А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасынан кандидаттық диссертация жазып, қорғадым. Ал сәл кейінірек Қытай еліндегі қазақ басылымдарына төте жазу үлгісімен қазақ шешендік өнерінің табиғаты турасында мақалалар ұсындық... Иә, кейінгіге шипасы ұстаз ұлағаты, септігі осындай болса керек-ті.

Ұстазымның сабақ үрдісінің бір сәтінде майдангер ақын, «От ұстаған Прометейге» (Қасым Аманжолов) теңестірілген халық қаһарманы Абдолла Жұмағалиев туралы айтқан естелігі әлі есімде. «Так» сөзін жиі қайталап, әбден мезі қылған «лектор-оқытушыға» Абдолла ақын үзіліс сәтінде:

Секундында сексен так,
Минутында миллион так,
Таусылмайтын неткен так, - деп бірер тармақ өлең жазып қалдырады. Бұны оқыған лектор «так» сөзін түгел қоймаса да, сәл саябырласа керек... Сөйтсек, Ғабдырахим аға осы іспетті естеліктерді айта отырып, бізді сөйлеу мәдениетіне баулыған екен ғой.

Ғабдырахим Әбуханұлының есімін өшпестей еткен үлкен мұрасы – педагогикалық училищелердің оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқулығы. Аталмыш еңбек бірнеше дүркін басылым көрді. Оқулықтың бірінші басылымы – 1960 жылы, екіншісі – 1967 жылы, ал үшіншісі – 1982 жылы Алматы қаласындағы «Мектеп» баспасынан таралымы 2000 дана болып 18,0 б.т. көлемінде жарық көрді. Ғ.Әбуханұлы оқулығы барлық басылымдарында да өз оқушысын таба білген, шәкірттердің ризашылық махаббатына бөленген, әлі де қолданыстан түспей келе жатырған жұп-жұмыр, кесек еңбек. Тіпті, соңғы кезекте бұл оқулықты студент-шәкірт қауымы қолға шам ұстап іздейтіндей халде. Ендеше, *оқулық – бүгінде сирек кездесетін еңбектер сапында.* Демек, Ғабдырахим ағаның көзі тірісінде аялы перзентіндей бағалаған осы еңбегіне – асыл мұрасына жанашыр азамат табылып жатса, өңдей отырып, келесі басылымын шығаруды қолға алған жөн болар еді.

Оқулық – білім-тәрбие беру қызметінің бірегей үлгі-моделі. Ал оқулық жазу білген кісіге қиынның қиыны. Жоғары сапалы оқулықты өз кезіндегі қоғамның қажетін өткір сезінетін *ірі теоретик, тәжірибелі әдіскер* ғана жасай алуы мүмкін. Оқулық түзушіге пәнге негіз болған ғылымды терең және жетік білудің өзі де әсте жеткіліксіз, оқулық авторы мұның сыртында жан-жақты білімдар, ой өрісі кең оқымысты, жалпы оқулыққа, оның ішінде өзі жазғалы отырған пән оқулығына қойылатын *дидактикалық-әдістемелік талаптарынан жете хабардар* адам болуы тиіс. Сондай-ақ, оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиясы жөнінде терең түсінігі, бағдарламада көрсетілген білімдерді анық та тұжырымды, жүйелі де тартымды етіп жеткізе алатындай қалам шеберлігі болуы керек. Өз тұсында оқулық жазудың машақатын басынан өткерген әйгілі академик А.Колмогоров оның қиындығын жаңа бір реактивтік ұшақ құрастырып шығумен теңеген екен.

Ғ.Әбуханұлы тілге қатысты мыңдаған жылдар ішінде қалыптасқан грамматикалық заңдылықтарды оқушылардың білім көлемі мен жас ерекшеліктеріне мөлшерлеп, баяндап шығу жауапты да, қиын да міндет екенін сезіне білген. Ғалым: *«Педагогтік училищелердің оқушыларына жүйелі түрде жеңіл, түсінікті тілмен ғылыми баяндап беру автордың алдындағы міндетті бұрынғыдан гөрі қиындата түседі»,* - дей келіп, - *«Тілден жүйелі, тиянақты білім беру, берілуге тиісті теориялық білімді оқушыларға саналы түрде жаттықтыру, негізінде, оқытушының педагогтық шеберлігіне байланысты бола тұрса да, талапқа сай жазылған тұрақты оқулық болмайынша, соншалықты жауапты міндеттің ойдағыдай орындалуы мүмкін емес. Сондықтан да белгілі дәрежелі оқу орнына арнап оқулық жазғанда, сол оқулықты пайдаланатын оқушылардың білім көлемі мен жас ерекшеліктері ескеріліп, оқулықтағы берілетін теориялық білім оқу программасымен шектеліп отыруға тиіс»,* - деп жазады.

Ғ.Әбуханұлы оқулығы ресми түрде педагогикалық училищелердің (колледж) оқушыларына арнала тұрса да, теориялық және жаттығуға алынған материалдары жағынан орта мектептердің мұғалімдеріне де, гуманитарлық университет студенттеріне де қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға лайық.

Адам өз атын кісілікпен көтерер дегендей, *Ұлы Жеңісті жақындата түскен тыл еңбеккері, ғалым-ұстаз Ғабдырахим аға* өз өмір жолында кісілік келбетін сомдай түсуден, қалыптастырудан бір елі таймаған. *«Жақсы болсаң, мақтаулы атың сақталар, жаман болсаң, жаман атың датталар» (Ж.Баласағұни)* дегеннің кепілі осы да.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Референдум - өзгеріс бастауы

Байлық - халықтікі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ата Заңға өзгерістерді бүкіл халықтың талқысына шығаруы – ел болып қолдауға лайықты іс. Халқымен ақылдасатын биліктің аты озады. Бұл әрбір азаматтың жан дүниесін түлетіп, мерейін өсіріп, рухын көтереді. Жаңа Қазақстанды құрудың алғашқы қадамын референдумнан бастау арқылы Президент енді әр қазақстандықтың пікірі маңызды екенін айқындады. Алдағы Конституциялық реформа нәтижесінде Ата Заңдағы 98 баптың 33-і өзгереді деп күтілуде. Конституцияның 6-бабына «Жер және жер қойнауы – халықтың меншігі, байлығы» деген бап енгізілмек. Бұл – халқымыздың талабы. Реформа аясында Қазақстан басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен бас тартады. Облыстардың және мегаполистердің әкімдерін тағайындау рәсімі түбегейлі өзгереді. Мемлекет басшысы өзінің туыстарына қатысты да қатаң шектеу қабылдады: оның жақын туыстары саяси мемлекеттік қызметші бола алмайды, квазимемлекеттік секторда, ұлттық компанияларда басшылық лауазымдарды атқара алмайды. Жаңа конституциялық реформа барлық азаматқа бірдей мүмкіндік туғызбақ. Мемлекет басшысы облыстардың, мегаполистердің әкімдері қабылдаған шешімдерді, шығарған актілерді жою, ол құжаттардың күшін тіпті уақытша болса да тоқтата тұру құқығынан айырылады.

Президент аудан, тіпті ауыл әкімдерін де лауазымынан босата алмайтын болады. Өйткені Қ.Тоқаев бастамашы болған саяси жаңғырулар аясында елімізде ауыл және аудан әкімдері сайланады. Тиісінше, ауыл, аудан жұртшылығы өзі сайлаған әкімін қызметінен өздері алып тастай алады. Осылайша, тәуелсіздіктің отызжылдық кезеңінде қолданылған «қолдан басқару» тәжірибесі жойылады, барлық іс Президентке барып тіреледі. Бұл – біз ұмтылған дамыған елдердің үлгісі. Әр қазақ халқымыздың ардақ тұтар адамдық, азаматтық қасиеттерін танытып, Президенттің реформаларын құптап, оны талқыға салуға қызу атсалысады, референдумға белсене қатысады деген сенімдеміз.

Жанар ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері

«Джохан» посетил ЗКУ имени М.Утемисова

25 мая в гости в ЗКУ прибыла команда фильма «Джохан». Небольшая команда из 4 человек Жахан Утерглаиев, Жалгас Кабдолов, Балжан Бидаш, Бакытжан Оракаев и коллеги КВН, рассказали о своих студенческих годах в ЗКУ, смешных и курьезных моментах. Все были очень рады увидеть их и послушать интересные истории от гостей.

Студентам, как и преподавателям, было интересно.

«На самом деле это было моей инициативой - встретиться здесь, даже если будет 10-15 студентов, но это те которые правда хотят нас увидеть. Здесь я узнал, что мне нужно от жизни, от себя, что дал мне университет его и актовый зал. Меня до сих пор радуют 2 вещи: то что я поступил сюда, хотя и не закончил учебу, а второе это знакомство с КВН», – говарит Жахан Утергалиев.

Жалгас Кабдолов, хоть и не учился в университете, но его присутствие, было огромной радостью. Жахан и Жалгас дружат и помогают в трудностях много лет. Жалгас Кабдолов помог молодой супружеской паре Жахана и Балжан, построив дом, своими руками. Такими примерами, они показывают студентам главные ценности жизни: семья, дружба, саморазвитие.

- В студенческие годы нам тоже было трудно, как и вам, но это не значит, что нужно сдаваться,- говорит Балжан Бидаш.

Я учился на режиссера. Сейчас мне уже 38, тогда я прожигал свое свободное время получил диплом и не знал что делать дальше. И уже потом начал записываться в студии, снимать кино просто без планов. Мой совет для вас в будущем: в студенчестве веселитесь, но не забывайте учиться и узнавать новое. Будьте верны своему сердцу, не отказывайтесь от своих планов, – сказал режиссер Бакытжан Оракаев. А так же молодой продюсер поделился одним секретом:

Один мой друг, дал мне сильную мотивацию. Через приложение, которое старит лицо человека на лет 60-70, он поставил фотографию своего измененного лица на столе в офисе. Это заставляет задуматься о пропущенном времени и вызывает желание его ценить. Теперь я тоже на будущее ставлю цели, посмотрев на 70-летнего Бакытжана.

Коллеги с КВН также рассказали о знакомстве с Жаханом, о том, как становился их КВН в университете.

В конце разговора на сцену вышел проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Даришева Туймеш Малбагаровна и поблагодарила гостей и студентов за участие на данной мероприятии.

Альбина ЖЕКЕНОВА,
студентка 2-курса

Әкем, анам және мен

Дене тәрбиесі кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен 19-мамыр күні оқытушыларға, қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне арналған «Әкем, анам, мен – спорттық отбасым» атты спорттық іс-шара өткізілді. Барлығы 21 адам, шақырылған 9 командадан жеті команда қатысты. Әр команда 3 адамнан тұрды: Әкесі, анасы және 10 жасқа дейінгі баласы.

Жарыс көңілді старттар түрінде өтті. Барлығы әр түрлі спорт элементтері бар 6 эстафеталық ойын өткізілді. Нәтижесінде жүлделі 1-орынға педагогика факультетінің командасы; 2-орынды физика-математика факультетінің командасы; 3-орынды шаруашылық қызметі командасы қанжығасына байлады. Жеңімпаз командалар дипломдармен және университет кәсіподақ ұйымының ұсынған бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Сондай-ақ, ең жас қатысушы номинациясымен Нұрболат Дінмұхамед мадақталса, «спорттық отбасы» аталымына мәдениет және өнер факультетінің командасы ие болды.

КОЛОНКА РЕДАКТОРА

Қазақ «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деуші еді, бірақ бұл мақал бізге емес, өркениеті жоғары басқа елдерге арналған. Бізде жұмыс істеп жүріп те тақыр кедей болуға болады. Ресми статистика бойынша, дәл қазір Қазақстандағы орташа жалақы – 242 542 теңге. Бірақ мұндай жалақыны халықтың қанша пайызы алады, мәселе сонда?!

Алысқа бармай университет қызметкерлерінің әл-ауқаты мен тұрмыс тіршілігін бір мезет оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Тамыры тереңге жайылған тарих қойнауына тоқсан жылын жасырған М.Өтемісов атындағы БҚУ-да бүгінгі күні 800-ден астам қызметкер, 352 оқытушы аянбай қызмет етеді. Соңғы жылдардағы Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың қамқорлығымен, қарапайым оқытушылардың қалтасы бұрынғыдан сәл-пәл қалыңдады. Ал, қатардағы қызметкерлер ше?

Осы жерде жұмысшылардың сіңген еңбегін, төккен терін тәптіштеп жазбасақ та, көзі қырағы қауым іштей түсінеді. Мәселе көп. Ең өзектісі де сол – тапқаны қапқанына жетпейді. Біреудің айлығы – басқа жердегінің шайлығынан аз. Шындық шымбайға батқанымен, өз жарасын өзі қаситын жұмысшылардың базынасына құлақ салайық:

Мені қатты алаңдататын мәселе – емдік жәрдемақы (леч.пособие). Ел игілігі үшін біз де барымызша еңбекке аралассамыз. Кезекті еңбек демалысым келе жатыр, жасым зейнетке жақындаған соң бір жерге барып демалғым келеді, бізде қай бір жөнді «отпусной» бар дейсің?! Жоқ дегенде, жанына осы емдік жәрдемақыны жалғаса – жаһанды шарламасақ та, «Ақжайықта» апталық ем алар едік,- деп күрсінді М.Н.

Демалыс маусымы басталмас бұрын әрбір бөлімдер мен департаменттерге кәсіподақ атынан санаторияға бір ғана жолдама берілген еді. Тегін емес әрине. Жарты ақысын өзіңіз төлеп, жағаны кеңге салып демалуға мүмкіндік сыйлайды. Алайда, кемі қырық кісінің біреуінің ғана бағы жанып, қалтасынан шатып-пұтып кетеді.

Мақаламызға түрткі болып, редакциямызға келген қызметкерлерден «Төгілген терді ақтамайтын табысқа» неге жүрсіз деп сауал жолдадық. Бәрінің аузынан естігеніміз бір сөз «Біз – интеллегентпіз». Расымен, профессорлар, ғылым докторлары, доценттермен иық теңестіре жүріп, зиялы қауымның қатарына өздерін қосатындар аз емес. Қара шаңырақтың қасиетін кие тұтып, қызметіне адал, жанындағыларға жанашыр жұмысшылардың көңілдері ғана емес, қарындары да тоқ болса, нұр үстіне нұр болушы еді. Қазіргі уақытта ай сайын ең төменгі жалақы 75 000 тг-ні құрайды. Үстемемен есептелген сомма. Онсыз қанша болатыны белгісіз... Қанттың өзі қымбаттап тұрған шақта, қаржының көзі қысқа болғаны қиын...

Жаңа Қазақстаннан үміт үзбейік...

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨҢДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 608

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ: Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.: 50-51-46, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www. wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru